

РУХ ЕРЛІГІ

6-БЕТ | ЗЕРДЕ



ТІЛДЕН ЖҰТАП ҚАЛМАСЫН

8-БЕТ | САРАПТАМА



ҮЛКЕН МӘМІЛЕ ІЗДЕГЕН ДЕРЖАВАЛАР

9-БЕТ | ШАРТАРАП

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін рухани байлық керек.

Әбіш КЕКІЛБАЙ

№143
(4887)
Бейсенбі
4 желтоқсан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Фото: Александр ЖАБЧУК

ЖОЛАУШЫЛАР ВАГОНЫН ЖАСАЙДЫ

Астана қаласының индустриалды паркінде шетелдік ірі өндіріс компанияларымен бірлескен бірнеше кәсіпорын қарқынды жұмыс жүргізіп келеді. Солардың бірі «Штадлер Қазақстан» серіктестігі жылына орташа 90 жолаушылар вагонын құрастырады. Алғашқы вагондар жыл аяғына дейін пайдалануға берілмек.

АСТАНАДАН – ОМБЫҒА

14 желтоқсаннан бастап №145/146 «Астана – Омбы» жолаушылар пойызы жүре бастайды. Бұл туралы «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз қызметі мәлім етті.

Пойыз аптасына үш рет – сейсенбі, жұма және жексенбі күндері қатынайды. Құрамында 3 купе және 5 плацкарт вагоны бар. Бір бағытта шамамен 400 жолаушыны тасымалдауға мүмкіндік қарастырылған. Билеттерді ресми сайттан немесе теміржол вокзалдарының билет кассаларынан сатып алуға болады. Қосымша ақпарат алу үшін 1433 байланыс орталығына хабарласу қажет. Пойыз қозғалысы туралы мәліметтер сайттағы онлайн-таблода қолжетімді.



ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАЛҒАСУДА

Оқу-ағарту министрлігі тұмау жағдайына байланысты еліміздің бірнеше өңіріндегі мектептерде қашықтан оқыту жалғасып жатқанын мәлім етті.

Ведомствоның мәліметінше, 2025 жылғы 2 желтоқсандағы жағдай бойынша республика бойынша 13 өңірде 663 мектеп пен 6784 сынып онлайн оқуға көшкен. Қашықтан оқыту бойынша ең көп дерек Қостанай облысында тіркеліп отыр. Бұл өңірде 167 мектеп, жалпы 2727 сынып қашықтан оқып жатыр. Астана қаласында 46 мектеп, 462 сынып қашықтан оқуға ауысқан.

БАС ҚАЛАДА ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ВАНДАЛИЗМ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ БҰЗУДЫҢ АЛДЫН АЛУ БАҒЫТЫНДА ШАМАМЕН **3 000** АДАМ ЖАУАПҚА ТАРТЫЛҒАН.

ВЕЛОЖОЛ КӨПІРІ САЛЫНАДЫ


Елордада Есіл өзені арқылы өтетін веложол көпірі пайда болады.

Есіл өзені мен Ақбұлақ арнасының тоғысар тұсында – «Ататүрік» саябағы маңында жаңа веложол көпірінің құрылысы басталды. Жобаның сұлбасын Астана қалалық Урбанистика орталығы таныстырды. Жоспар бойынша веложол көпірі және жағалау аймағы 2026 жылдың мамыр айында қолданысқа беріледі. Бұрын жасыл қоршауға байланысты жағалауға өтуге мүмкіндік болмаған. Енді «Ататүрік» саябағынан «Триатлон» саябағына дейін велосипедпен еркін өтуге мүмкіндік болады.



6-7 ЖЕЛТОҚСАН
«СОҒЫМ-FEST» ЕТ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Бас қалада Ақмола, Абай, Қарағанды, Түркістан және Павлодар облыстарының ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің қатысуымен кезекті ет жәрмеңкесі өтеді. Жәрмеңке Алаш тасжолы, 35Б мекенжайында орналасқан «Keryen joly» сауда орталығының автотұрақ аумағында ұйымдастырылады.



№143 (4887) 04/12/2025 Бейсенбі



АВИАХАБТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – БАСЫМ БАҒЫТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлік жүк авиахабтарын дамыту жөнінде кеңес өткізді. Президент авиахабтарды дамыту көлік-тасымал саласындағы басым бағыттардың бірі саналатынына тоқталды.

– Күллі әлем елдері транзиттік мүмкіндіктерін арттыруға ерекше мән беріп отыр. Халықаралық бәсекелестік күшейе түсті. Қазір Қазақстан арқылы жөнелтілетін жүк, негізінен, автомобиль және теміржол арқылы тасымалданады. Бірақ сарапшылар жыл өткен сайын әуе жолдары арқылы өтетін жүк тасымалы, яғни «air cargo»-ның үлесі арта түседі деген болжам жасауда. 2040 жылға қарай әуе жүктерінің 20 пайызы «Азия – Еуропа» бағытына тиесілі болмақ. Еліміз теміржолды, автокөлік жолын және әуе тасымалын қамтитын мультимодальді логистика жүйесін қалыптастыруы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің географиялық артықшылықтарын тиімді пайдалану қажет екенін айтты.

– Еліміз Еуропа мен Азия арасындағы негізгі әуе жолдарының түйіскен тұсында орналасқан. Біз осы ерекшелігімізді барынша тиімді әрі ұтымды пайдалануымыз керек. Орталық Азия және Оңтүстік Кавказ аймағында транзиттік жүк тасымалына байланысты бәсеке күшейіп барады. Сондай-ақ көлік-логистика саласына инвестиция тартуға қатысты талас қыза түсті. Біз де батыл әрі тиімді шешімдер қабылдауымыз керек. Әйтпесе қолда тұрған мүмкіндік пен артықшылықтан айырылып қалуымыз мүмкін, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, негізгі әуежайларда толыққанды авиахаб қалыптастыру – өте өзекті мәселе.

– Әр әуежайдың бәсекеге қабілетті тұстарын айқындап, жұмыс тәсілін түбегейлі өзгерту керек. Қазір транзиттік карготрафиктің қосымша құны төмен болып тұр. Жүк тасымалдаушылар көбіне жанармай құю немесе техникалық қажеттілік үшін ғана тоқтайды. Біздің әуежайлар жүкті тиеп-жөнелтуге, жинақтауға аса құлықты емес. Себебі елімізде инфрақұрылым дайын емес. Соның салдарынан транзиттік әлеуетімізді толық пайдалана алмай отырмыз. Осыған орай арнайы экономикалық аймақтардың тиімді жұмысын қамтамасыз етуіміз керек. Ұсынылатын жеңілдіктер әрбір хабтың ерекшелігіне қарай жасалуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент осы бағыттағы қордаланған мәселелерді шешуді кейінге қалдырып, тиісті құжат қабылдамай отырған салалық министрліктің жұмысын сынға алды.

Мемлекет басшысы Үкіметке әуе хабтарын дамытудың нақты мәселелерін шұғыл түрде шешу жөнінде тапсырма берді.

– Әуежай қызметіндегі қазіргі тариф саясатын қайта қарауға баса мән беру керек. Соңғы 10 жылда баға бір-ақ рет, яғни биыл ғана өсті. Тарифтерді ұстап тұру инфрақұрылымның тозуына әкеледі. Мұны тәжірибе анық көрсетті. Бағаны қайта қарау қалыптасқан жағдайды өзгертуге кепіл болуға тиіс. Сонымен қатар бағаның күрт көтерілуін болдырмау үшін оңтайландырылған тәсіл қолдану қажет. «Тарифті инвестицияға айырбастау» қағидатын енгізу алдағы жылдары саланы дамытудың негізгі шарты болуы керек. Қолайлы іскерлік орта құру – стратегиялық міндет. Инвесторларды мұқият тыңдаған жөн. Әуежайлардағы авиациялық емес қызметті шектен тыс реттеу көптеген түйткіл туындатып отыр. Конкурстар арқылы компанияларды іріктеу барысында бюрократиялық кедергі жасауды, келісімдердің мерзімін шектеуді тоқтату керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент авиаотын мәселесін түбегейлі шешуді тапсырды. Мемлекет басшысының пікірінше, саланы дамытуда негізгі екі проблема бар. Бұл – бағаның жоғары болуы және ішкі өндіріс көлемінің жеткіліксіздігі.

– Ең әуелі, алдағы үш жылда еліміздің ішкі өндіріс көлемін арттыру, импортты әртараптандыру керек. Ақылға қонымды бәсекелестік сақталуға тиіс. Реттеу ісіндегі барлық өзгеріс кезең-кезеңімен әрі нақты, отынды тұрақты жеткізуге кедергі келтірмей іске асырылуы қажет. Жұмыс істеп тұрған ұйымдар базасында авиация ғылыми-зерттеу институтын құрған және отынды сертификаттау зертханасын ашқан жөн. Үкіметке монополияға қарсы органдармен бірге аталған мәселелерді шешу бойынша тез арада кешенді шара қабылдауды тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев таяуда елімізде құрылатын Ұлттық жүк тасымалдаушы әуе компаниясының қызметіне жан-жақты қолдау көрсетуге шақырды.

– Отандық жүк тасымалы компанияларын қолдаудың алдағы үш-бес жылға арналған нақты шаралар жиынтығын әзірлеу қажет. Басты мақсат – компанияларды қосылған құнды құруға ынталандыра отырып, мультимодальдық логистиканы дамыту. Әуе кемелері флотын өркендету транзиттік әуе желісін қалыптастырудың маңызды бөлігі саналады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы елімізде жүк тасымалдайтын ұшақтардың тапшылығына тоқталды.

– Үкімет құрастырылғанына 25 жылдан асқан жүк ұшақтарына қойылған шектеуді алып тастау мәселесін мұқият қарастыруы керек. АҚШ-тағы FedEx әуе компаниясы ұшақтарының шығарылғанына орта есеппен – 28 жыл. UPS компаниясында бұл көрсеткіш 30 жыл болса, Ұлыбританияның One Air әуе компаниясында 33 жылды құрайды. Мұндай мысалдар жеткілікті, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев авиация саласын цифрландыруға баса назар аударды.

– Көліктің барлық түрімен жүк тасымалдау нарығындағы өзара ықпалдастық «бірыңғай цифрлық терезе» қағидаты бойынша жүргізілуге тиіс. 2019 жылы әуе көлігімен жүк тасымалдау үдерісін жеңілдетуге бағытталған «E-freight» жүйесі іске қосылды. Бірақ бүгінге дейін бұл жүйенің қызметі шектеулі күйінде қалып отыр. Құжаттарды ресімдеуді кешіктіру фактілері бар, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, өзекті мәселенің бірі – авиация саласына қажетті кәсіби мамандар даярлау.

– Білікті кадрлар болмаса, реформаларды жүзеге асыру мүмкін емес. Бұл салада кадр тапшылығы қатты сезіліп отыр. Жыл сайын жүздеген маман керек болуда. Осы мәселені шұғыл шешу қажет. Үкіметке кадр даярлау жүйесін реформалауға қатысты нақты шаралар қабылдауды тапсырамын. Халықаралық білім-ғылым мекемелерімен байланыс орнату қажет. Сондай-ақ мамандардың біліктілігін арттыратын құзырет орталықтарын құру керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы көлік және логистика саласын дамытудың стратегиялық мәні зор екенін айтып, бұл мәселені өз бақылауында ұстайтынын жеткізді.

Кеңесте Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, «Алматы халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының президенті Косе Гокер баяндама жасады. Сонымен қатар талқылауға Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Энергетика министрі Ерлан Ақкенженов, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаров, «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов қатысты.

ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардағы әскери және құқықтық тәртіп мәселелері бойынша кеңес өтті.

Жиында Бас прокурор Берік Асылов, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов, Қорғаныс министрі Дәурен Қосанов әскери және құқықтық тәртіпті сақтау шаралары, сондай-ақ әскерилер арасында жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстары туралы баяндама жасады. Сонымен қатар әскердегі құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдары басшылары қызметінің түрлі аспектілері қарастырылды.

Президент заң мен тәртіпті одан әрі қамтамасыз етуге, әскердегі тәрбие жұмысын жетілдіруге, әскери қызметшілердің мерт болуына және жарақат алуына жол бермеу бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар нақты тапсырма берді.



НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР БЕРІЛДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваны қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа мемлекеттің әлеуметтік саясатын іске асырудың негізгі бағыттары, атап айтқанда, ведомствоаралық ықпалдастықты күшейту, қызметтер сапасын арттыру, адам капиталын дамыту және саланы цифрландыру шаралары жөнінде баяндалды.

Президентке мәдениет пен ақпарат, дін және этносаралық қатынастар, азаматтық қоғам, сондай-ақ отбасы, жастар саясаты салаларында атқарылып жатқан жұмыстар туралы мәлімет берілді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы аталған бағыттарды одан әрі жетілдіру бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІН БАЯНДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Нұрлан Жақыповты қабылдады. Мемлекет басшысына қордың биыл атқарған жұмысының нәтижелері туралы мәлімет берілді.

Нұрлан Жақыпов қор тобының инвестициялық портфелінде жалпы сомасы 53 триллион теңге болатын 130-ға жуық жоба бар екенін айтты. Соның ішінде осы жылы CASPI BITUM зауытының қуатын арттыру, 50 МВт-тық күн электр стансасы және Кендірлі елді мекенінде су тұшытатын зауыт салу жобалары жүзеге асырылды. Жыл соңына дейін 1,1 триллион теңгеге 9 ірі жобаны аяқтап, пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Президентке Жетісу облысындағы 84 елді мекенге көгілдір отын жеткізетін Талдықорған – Үшарал магистральді газ құбырының, Ақтаудағы контейнер хабы мен Алматыдағы Zhetysu логистикалық терминалының, сондай-ақ Sany Re компаниясымен бірлесе жел генераторларына арналған қондырғылар шығаратын зауыттың іске қосылғаны жөнінде мәлімет берілді.

Нұрлан Жақыпов берген мәліметке сәйкес, биыл он айда «Самұрық-Энерго» АҚ сағатына 31 миллиард кВт электр энергиясын өндірді. Бұл Қазақстандағы жалпы өндірістің 31 пайызын құрайды. «Самұрық-Энерго» АҚ құрамына кіретін электр стансаларының қуаты 7845 МВт-қа жетті. 2023-2025 жылдар аралығында әлеуметтік жобаларды қолдауға және қайырымдылық шараларына 1,5 триллион теңге бөлінген. Бұл қаржы медициналық нысандарға, сондай-ақ 55 оңалту орталығының, 31 инклюзия кабинетінің, 18 спорт кешенінің, мәдени және білім беру мекемелерінің құрылысына жұмсалды. «Таза Қазақстан» бастамасы аясында 5,8 миллион түп тал егілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының отандық бизнесті өркендетуге қатысты бастамалары туралы баяндалды.

БАҒА 7 ЖЫЛ ӨЗГЕРМЕЙДІ

Энергетика министрлігі тиісті бұйрықтың жобасын көпшілікке талқылауға ұсынды. Электр энергиясына қолданыстағы шекті тарифтер 2019-2025 жылдары бекітілген. Енді құзырлы орган алдағы жеті жылдық мерзімге арналған тарифті 2025 жылғы деңгейде бекітуді ұсынып отыр.

«Бұйрықпен 2026-2032 жылдарға арналған электр энергиясына шекті тарифтерді 2025 жылғы электр энергиясына шекті тарифтер деңгейінде бекіту көзделген. Бұл ретте шекті тарифтерді 2026-2032 жылдарға бекіту шекті тарифтердің 2025 жылғы деңгейінде бекітілуіне байланысты бірыңғай сатып алушының бағасына әсер етпейтінін атап өту қажет» деп хабарлады Энергетика министрлігі.

Құжатты жария талқылау 17 желтоқсанға дейін жалғасады.

№143 (4887) 04/12/2025 Бейсенбі

ИНВЕСТИЦИЯ ӘЛЕУЕТІМЕН ТАНЫСТЫ



Қалалық мәслихат депутаттары «2023-2027 жылдарға арналған «Астана кәсіпкерлігі» бағдарламасы аясында елорданың инвестиция әлеуетімен танысты.

«Астананың инвестициялық және бизнес-климатын жақсартуға арналған шетелдік және отандық инвестиция тартуды үдерту» мәселесіне арналған кезекті сессияға дайындық аясында өз қаржысын және «Даму» қоры арқылы қаржы тартып, мектептер мен спорт кешендерін салып, ашқан отандық, шетелдік кәсіпкерлердің 4 нысаны қаралды. Олар – Күлтегін көшесіндегі мектеп, Хусейн бен Талал, 35 көшесіндегі халықаралық мектеп, Әйтеке би, 2 және Сығанақ, 34 мекенжайларындағы спорт кешендері.

– Әр мектеп пен спорт кешенінің бәрі де халық игілігіне салынған, бірақ түбінде бюджет қаржысын алуға мүдделі. Мектептер ақылы болса, әр оқушыға шаққанда қаржы алғысы келетінін жасырмады. Әрине, бәрі бірдей емес. Осы және басқа да мәселелерді алдағы сессияда қарап, қала мүддесіне сай шешімдер қабылдаймыз, – дейді мәслихат депутаты Кендебай Адамбек.

Депутаттардың айтуынша, халықаралық және жекеменшік мектептердің сыртқы бейнесі мен ішкі инфрақұрылымы – нағыз заманауи білім ордасының үлгісі.

– Әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар, оқу жағдайы жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Оқушы саны да жеткілікті, сұраныс жоғары. Ал спорт нысандарында негізгі назар бассейн қызметіне ауысты. Бір орталық балаларды 3 айлығынан бастап қабылдаса, екіншісі тіпті туғанынан бастап жүзу сабағын ұсынады. Кешен басшыларының ісіне деген сүйіспеншілігі, кәсіби көзқарасы бірден байқалады. Ата-аналарға да, балаларға да барлық жағдай жасалған. Барлық нысандағы ұсыныстар мен көтерілген мәселелер алдағы сессияда жан-жақты қаралады, – дейді мәслихат депутаты Мәдина Әжікенова.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ PR

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультеті телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының ұйымдастыруымен «Жасанды интеллект дәуіріндегі PR: білім мазмұнын жаңаша трансформациялау» тақырыбында диалог алаңы өтті.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Онда PR саласындағы заманауи үрдістер, жасанды интеллектті білім беру мазмұнына енгізудің тиімді тетіктері, цифрлық коммуникация саясаты, стратегиялық коммуникацияны мемлекет деңгейінде реттеу және кадр даярлаудағы жаңа әдістер талқыланды. Іс-шараға шетелдік сарапшылар да қатысты. Атап айтқанда, М.Решетнев атындағы Сібір мемлекеттік университетінің доценті, ф.ғ.к. Алексей Михайлов және Ankara Hacı Bayram Veli университетінің профессоры Мехмет Топлу өздерінің зерттеу нәтижелерімен, тәжірибелерімен бөлісті. Отандық спикерлер қатарында Медиа және PR мамандары ассоциациясының төрайымы Ақерке Берлібай, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы қоғаммен байланыс секторының меңгерушісі Аяжан Мәдібекова, «Tanba» коммуникация агенттігінің басшысы Санғали Ақсұлу, «B4 Media» директоры Бибігүл Мұхамеджанова, «IQanat» білім беру қорының PR-директоры Айдана Іңкәрбекова, сондай-ақ Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің профессоры Аязби Бейсенқұлов бар. Сонымен бірге Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жетекші ғалымдары жасанды интеллекттің коммуникациялық орта мен PR саласындағы рөлін ғылыми тұрғыдан талдады.

ВАНДАЛИЗМ ҮШІН ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

Елордада вандализм мен қоғамдық тәртіпті бұзудың алдын алу және онымен күресу бағытында жүйелі жұмыс жалғасып жатыр. Кезекті құқық бұзушыларды полицейлер анықтап, жауапқа тартты.



Полиция қызметкерлері қоғамдық орындардағы нысандардың бүлінуіне қатысты екі жағдайды анықтады. Бірінші жағдайда 40 жастағы ер адам алкогольдік масаң күйде Ш.Уәлиханов көшесіндегі аялдама павильонын бүлдірген. Ол шыны есікті бірнеше рет ұрып сындырған. Сот қаулысына сәйкес, құқық бұзушы 5 тәулікке қамауға алынды. Екінші жағдайда Бөгенбай батыр даңғылында 19 жастағы жігіт мас күйде әрі жанжал кезінде жеке ғимараттың сыртқы қаптамасын теуіп, жарнама құрылымын және жылы аялдама жанындағы қабырғаның бір бөлігін бүлдірген. Ұсақ бұзақылық жасағаны үшін 10 тәулікке қамауға алынып, әкімшілік қамауға алынғандарға арналған арнайы қабылдағышқа жеткізілді. Аталған фактілер бойынша келтірілген материалдық шығын көлемі есептеліп жатыр. Кейін шығынды өндіру туралы талап қойылады. Жыл басынан бері осындай құқық бұзушылықтар үшін шамамен 3 мың адам жауапқа тартылған. Сонымен қатар бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру бойынша 200-ден астам жағдай тіркелген.

«Жұмысшы мамандықтар жылына» орай «Астана жастары» орталығы техникалық бағыт бойынша жаңа номинацияларды енгізіп, «Үздік» жобасын кеңейтті. Соның ішінде алғаш рет жол қауіпсіздігімен тығыз байланысты «Үздік шиномонтажшы-2025» байқауы ұйымдастырылды.

ШИНОМОНТАЖ ШЕБЕРЛЕРІ

Іс-шара жастардың кәсіби дағдысын арттыруды, техникалық мамандықтардың қоғамдағы беделін күшейтуді және жұмыс берушілер мен жас мамандар арасындағы байланысты нығайтуды көздейді. «Үздік» жобасы бірнеше жылдан бері өтіп келеді. Алайда биыл ерекше формат ұсынылып, жұмысшы мамандықтарының кең спектрі қамтылды.

– Биыл біз бұрын болмаған мамандықтарды қостық. Оның қатарында дөңгелек жөндеу шебері, ағаш ұстасы, жиһаз өндірісінің маманы, флорист, мейрамхана сервисі, аспаз, тәрбиеші, сантехник, темір жонушы, механизатор, жүк және автобус жүргізушілері сияқты бағыттар бар, – деді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының маманы Дәуіржан Жұмахан.

Қатысушылар – 16 мен 35 жас аралығындағы колледж студенттері, жұмысшы жастар және техникалық қызмет көрсету саласының мамандары. Олардың еңбегін кәсіби шеберлер бағалады. Техникалық талаптарды қадағалаған қазылар алқасы жұмыстың сапасына ерекше назар аударды. Жол қауіпсіздігі маманның кәсіби білігіне тікелей байланысты. Байқау жастар арасында техникалық мамандықтарға деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, жұмысшы мамандықтардың қоғамдағы рөлін қайта бағалауға мүмкіндік береді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жоба алдағы жылдары жалғасын тауып, жаңа бағыттармен толықпақ.



ЛУДОМАНИЯҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Жастар арасында лудоманияның алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған «Jarqyn bolashaq» жобасы аясында «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы елорда көшелерінде ақпараттық акция ұйымдастырды.



Волонтерлер – қаладағы университеттер мен колледж студенттері ойынға тәуелділіктің алдын алу жөніндегі ұсыныстар, оның салдары туралы түсіндірме ақпарат, көмек пен консультация көрсететін ұйымдардың байланыс деректері бар буклеттер таратты. Іс-шараның мақсаты – жастардың лудомания қаупі туралы хабардарлығын арттыру, ойын қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Волонтерлер буклеттерді таратып қана қоймай, лудоманияның зияны туралы да айтып өтті.

«Бұл буклеттерді, әсіресе, жастарға таратып жатырмыз. Олар лудоманияның барлық салдарын түсінуі керек. Біз үшін маңыздысы – тек тәуекелдер туралы ескерту емес, көмек әрқашан қолжетімді екенін көрсету. Сондықтан біз қиын психологиялық жағдайда ойын тәуелділігінен зардап шеккен адамдарға хабарласа алатын ұйымдардың телефондары мен байланыс деректерін көрсетеміз» деді «Астана жастары» маманы Алуа Балтабаева.

№143 (4887) 04/12/2025 Бейсенбі

ЖЫЛЫНА 90 ВАГОН ҚҰРАСТЫРАДЫ

Райхан РАХМЕТОВА

Елордада швейцариялық технологиямен жолаушылар вагондарын шығаратын Stadler Kazakhstan зауыты еліміздің өндіріс қарқынын арттыруға тың серпін береді. 2023 жылы ашылған «Штадлер Қазақстан» ЖШС-те ҚТЖ-ның еншілес ұйымы – «Жолаушылар тасымалы» АҚ үшін купе және плацкарт вагондары дайындалады. Отандық өндірістің алғашқы вагондары биыл желтоқсан айында пайдалануға беріледі. Жалпы ҚТЖ тапсырысымен 2030 жылға дейін 557 вагон шығару көзделуде.









Өткен аптада Астанада ҚТЖ мен «Штадлер Қазақстан» ЖШС бірлесіп ұйымдастырған Қазақстан-Швейцария іскерлік кеңесінің бесінші отырысы өтті. Іс-шара Швейцарияның экономика, білім және зерттеулер федералды департаментінің басшысы Ги Пармелен мырзаның ресми сапары аясында ұйымдастырылды. Соның барысында шетелдік меймандармен бірге аталған зауыттың қазіргі жұмыс қарқынымен танысуға бардық. Өндіріс алаңы Астана қаласының индустриалды паркінде орналасқан. Оның жалпы ауданы 31 мың шаршы метрден асады, кәсіпорынның өндіріс қуаты жылына 90 жолаушылар вагонын құрайды.

Stadler Rail AG компаниясы Орталық Еуропа бөлімшесінің басшысы, атқарушы вице-президенті Филипп Бруннердің айтуынша, өндірістің барлық кезеңі, яғни темір шанақтарын дәнекерлеу мен бояудан бастап пневматикалық және электрлі компоненттерін орнату, құрастыру және сынақтан өткізуге дейінгі толық өндіріс циклі компанияның Астанадағы зауытында жүзеге асады. Вагондардың жарамдылық мерзімі – 40 жыл. Сағатына 160 км жылдамдықпен жүре алады. Елдің климат жағдайына және қалалар арасындағы үлкен қашықтыққа қарай жасалған. Вагондар теміржолдың электрлендірілген де, электрлендірілмеген де желілерімен жүре береді. Пайдалануға берілгеннен кейін де вагондарға Stadler Kazakhstan 20 жыл бойы сервис көрсетеді. Шанаққа қосымша жылу оқшаулағыш орнатылған, жылу жүйесі мен жоғары қуатты желдеткіші іске қосылған. Сонымен қатар дизельді қозғалтқыштардың алдын ала қыздыру жүйелері қойылған. Ауа баптау жүйелерін құм мен шаңнан қорғау үшін циклондық сүзгі енгізілген, ал ауа қабылдау торлары қардың түсуіне жол бермейтін арнайы профильге ие. Желдету жүйесі микробқа қарсы ауаны өңдеу жүйесімен жабдықталған. Сыртқы түріне ерекше назар аударылады – вагондардың дизайны Қазақстанның Мемлекеттік туының түстерінде: көк және сары түсте орындалады. Барлық вагон ЕАЭО талабына және қазіргі заманғы вагон жасау стандартына сәйкес келеді. Stadler вагондарының бірінші партиясы келесі жылдан бастап 4 бағдарда, яғни «Астана-Алматы», «Астана-Семей», «Астана-Шымкент» және «Астана-Атырау» бағытында іске қосылады. Жоба теміржол көлігін жаңғырту бағдарламасы аясында жүзеге асуда. Келісімшарт талаптарына сәйкес, жыл соңына дейін 51 вагоннан тұратын бірінші партия беріледі. Кәсіпорында 720-дан астам адам жұмыс істейді.

– Зауыт ашылғалы бері 2 жылда сатып алған бұрынғы «Тұлпар Талго» зауытын қайта құрудан, яғни ауқымды жаңғыртудан өткіздік. Жергілікті мамандар Еуропаға оқуға жіберілді және сериялық вагон өндірісі басталды, өндіріс циклін локализациялау жұмысы жүргізілді. Отандық жолаушылар вагондары барынша үлкен сыйымдылығымен және эргономикалық интерьерімен ерекшеленеді. Қазақстанда мұндай вагондар бұған дейін болған емес, – дейді Филипп Бруннер.

Швейцария – Қазақстан экономикасындағы жетекші инвестордың бірі. Бұл елдің компаниялары энергетика, машина жасау, тамақ және фармацевтика өнеркәсібінде, бірқатар технология саласында жұмыс істейді. 2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша екі ел арасындағы тауар айналымы шамамен $1,1 млрд-ты құрады.

– Қазақстан машина жасау, фармацевтика, медицина және биотехнология, цифрландыру, көлік-логистика инфрақұрылымы мен жаңартылатын энергия көздері салаларында швейцариялық бизнестің қатысуын арттыруға ниетті. Екі ел ынтымақтастығындағы маңызды жобаның бірі – Астанадағы «Штадлер Қазақстан» компаниясының базасында жолаушылар вагоны өндірісін локализациялау, – деді іскерлік кеңес отырысында вице-премьер – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин.

«Штадлер Қазақстан» ЖШС – теміржол машина құрастыру саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі Stadler Rail концернінің еншілес ұйымы. Stadler – 80 жылдан астам тарихы бар еуропалық жылжымалы теміржол құрамын өндірушілерінің бірі. Швейцариялық компанияның өнімдері әлемнің 45 елінде қолданылады және жоғары сапалы, заманауи жабдықтармен әрі бірегей ноу-хаумен ерекшеленеді.

Фото: Александр ЖАБЧУК

ЕҢБЕК – ЕРДІҢ МҰРАТЫ

2025 жыл елімізде «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бастаманы еңбек адамының қоғамдағы беделін арттыру, жастарды нақты кәсіпке баулу мақсатында ұсынған еді. Расында, ел экономикасының тірегі – қолмен іс істейтін қарапайым еңбек адамдары.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Қазақта «Еңбек етсең – емерсің» деген қанатты сөз бар. Сол сөздің мәнін өмірімен дәлелдеп жүрген азаматтың бірі – Астана қаласында жиһаз жасап, адал еңбегімен отбасын асырап отырған Мұрат Еркінұлы.

Мұрат – шетелден атажұртқа қоныс аударған азамат. Туған жердің топырағын аңсап, 2006 жылы елге оралған ол бастапқыда тұрмыс қиындығын көп көргенін жасырмайды.

«Бастапқыда тұрақты жұмыс табу оңай болмады. Бірақ қолымнан іс келетініне сендім. Ағашпен жұмыс істеу бала кезден қызығатын үйреншікті кәсібім еді. Сөйтіп жиһаз жасау ісін қолға алдым» дейді ол.

Бүгінде Мұраттың шағын шеберханасы бар. Онда түрлі тапсырыспен үстел, орындық, шкаф, ас үй жиһазын жасайды. Оның қолынан шыққан бұйымдардың сапасы мен әдемілігі жұрттың көңілінен шығып, тұтынушылар тарапынан жақсы баға алып жүр.


«Бар мақсатым – адал еңбегіммен бала-шағамды асырау, елге сіңіп, өз үлесімді қосу. Жиһаз жасау маған тек табыс көзі емес, өнер секілді. Әр тақтайдың жаны бар, әр бұйымның өз әңгімесі бар» дейді шебер.

Мұраттың бұл кәсіппен айналысқанына он шақты жылдан асыпты. Осы уақыт ішінде ол тек жұмыс тауып қана қойған жоқ, өз ісінің шеберіне айналды. Қазір шәкірт тәрбиелеп, жастарға қолөнердің қадірін түсіндіріп жүр.

– Қазірге дейін оншақты шәкірт тәрбиеледім, көбі өз шеберханасын ашып, тәп-тәуір табыс тауып жүр. Жастар көбіне жеңіл табыс іздейді. Ал қолмен еңбек ету – ең таза, ең қадірлі жол. Адам маңдай терімен тапқан нанының дәмін сезсе, сол ең үлкен бақыт! – дейді ол.

Мұрат сөз арасында қазіргі уақытта көмекші табудың өзі қиындап кеткенін айтады.

«Қит етсе «Қазақстанда жұмыс жоқ, жалақы төмен» деп жамандайды. Шын мәнінде, жұмыс жоқ емес, істегісі келген адамға іс көп. Жас жігіттерді жұмысқа алсаң, көбі 2-3 күн істеп, тайып тұрады. Ал шын ықыласпен, ұқыппен еңбек ететін жан болса, осы шағын шеберхананың өзінен-ақ айына аз дегенде 350-400 мың теңге табыс табар еді. Астананың өзінде жиһаз құрастыратындар тапшы, бұл тым ауыр жұмыс емес қой, жақсы істесең жақсы ақша табуға болады. Басқа ұлттың азаматтары істеген істі біздің жастар да істей алады» дейді ол.



Мұрат шебердің қарапайым өмірінен үлкен өнеге көруге болады. Ол – ешкімге салмақ салмай, өз күшімен биіктеген еңбек адамы.

№143 (4887) 04/12/2025 Бейсенбі

ЕСІРТКІМЕН КҮРЕСТІҢ КЕШЕНДІ ІС-ШАРАЛАРЫ

Бас қалада есірткі қылмысының алдын алу бойынша кешенді іс-шаралар ұдайы жүзеге асырылуда. Есірткі қылмысы – халықтың денсаулығына, әлеуметтік тұрақтылыққа және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіретін ұйымдасқан қылмыстың ең қауіпті түрі. Астанада есірткінің негізгі көздеріне жасырын есірткі зертханаларында өндірілетін, кейіннен интернет-ресурстар арқылы оңай таратылатын есірткінің синтетикалық түрі жатады.



Елордада құқық қорғау органдарындағы барлық күштер мен құралдар есірткі зертханаларын анықтауға бағытталған. Полиция департаментінің бүкіл бөлімшесінде әдістемелік ұсынымдар әзірленді. Астана қаласы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Әлия Қибатқызының айтуынша, осы жылы арнайы жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында есірткі бизнесі саласындағы 3 ұйымдасқан қылмыстық топтың қызметі тоқтатылды. Ұсталған адамдар интернет-ресурстар арқылы есірткі сатумен және синтетикалық есірткі жасау жөніндегі бір есірткі зертханасы қызметін жүргізумен айналысқан.

– Есепті кезеңде есірткінің синтетикалық түрлерімен байланысты 698 факт тіркелді. Жыл басынан бері 45 кг 931 грамм синтетика тәркіленді. Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың таралуы туралы ақпаратты қамтитын контентті анықтау үшін біз интернет-кеңістіктің мониторингін жүйелі түрде жүзеге асырамыз, нәтижесінде 1263 есірткі сайты бұғаттауға жіберілді, жалпы сомасы 55 млн 576 мың 147 теңгеге 2564 банк картасы бұғатталды. Жыл басынан бері ҚР ҚК 299-1-бабы бойынша есірткіні насихаттау және заңсыз жарнамалау туралы 13 қылмыстық іс қозғалды, – деді спикер.

Өткен 10 ай мен қарашаның 26-сына дейін Астана қаласының аумағында 1102 есірткі құқық бұзушылық фактісі тіркелсе, оның ішінде 420-сы – қылмыс. Заңсыз айналымнан 461 кг 870 гр тәркіленген. Түрлі есірткінің ішінде марихуана – 275 кг 337 гр, гашиш – 131 кг 299 гр, героин – 0,25 гр, кокаин – 656,05 гр, синтетика – 45 кг 931 гр, каннабис шайыры – 3 кг 906 гр, қарасора өсімдігінің 5 кг 267 гр анықталған.

Биыл 11 наурызда ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 440-1-бабы заңды күшіне енді, онда есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын, сондай-ақ күшті әсер ететін заттарды медициналық мақсатта тұтынбағаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізу көзделген. Норма енгізілген сәттен бастап 683 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оларға қатысты есірткі заттарын пайдалану фактісі анықталды, оның 510-ы қамауға алынды.

> Өткен 10 ай мен қарашаның 26-сына дейін Астана қаласының аумағында 1102 есірткі құқық бұзушылық фактісі тіркелсе, оның ішінде 420-сы – қылмыс. Заңсыз айналымнан 461 кг 870 гр тәркіленген. Түрлі есірткінің ішінде марихуана – 275 кг 337 гр, гашиш – 131 кг 299 гр, героин – 0,25 гр, кокаин – 656,05 гр, синтетика – 45 кг 931 гр, каннабис шайыры – 3 кг 906 гр, қарасора өсімдігінің 5 кг 267 гр анықталған

– Тек бірлескен күш-жігермен ғана нашақорлық деңгейін төмендетуге және балаларымыз үшін қауіпсіз болашақты қамтамасыз етуге болады. Осыған байланысты Ішкі істер министрі 2025 жылды «Құқық бұзушылықтың алдын алу жылы» деп жариялады. Департамент бастығы бірінші орынбасарының төрағалығымен алдын алу кеңесі құрылды, кеңес құрамына Парламент Мәжілісі мен Астана қаласы мәслихатының депутаттары, медиа-тұлғалар, белгілі спортшылар, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірді. Кеңестің негізгі мақсаты – есірткі құқық бұзушылықтардың алдын алу және «Астана – есірткісіз қала» бағдарламасын іске асыру үшін мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның күш-жігерін шоғырландыру, – дейді полиция өкілі.

Шаһарымызда бұл қылмыстың алдын алу үшін «Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл және нашақорлықтың алдын алудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары» және «Астана – есірткісіз қала» бағдарламасы іске асырылуда.

ЖАСТАРҒА ЖОЛ КӨРСЕТТІ

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында жастар арасында есірткінің алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында ақпараттық–түсіндіру жұмыстары жүріп жатыр. Астана қаласының Полиция департаменті мен «Esil University» бірлесіп өткізген «Астана – есірткісіз қала» акциясы студенттерге профилактикалық мазмұндағы кездесулерді қамтыды.



Жастармен жүздесу үшін әлемдік рекордтарды жаңартқан қазақстандық алып күш иесі Сергей Цырульников, Қазақстан бокс федерациясының бас хатшысы, боксшы Мерей Ақшалов, елге белгілі актер, тележүргізуші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әділ Ахметов келді. Сонымен бірге блогер Нұргелді Кердеш жастар ортасының тілін таба тын еркін әңгіме өрбітті. Медицина тұрғысынан түсіндіру мақсатында қалалық психикалық денсаулық орталығының маманы Русалина Молдахметова сөз сөйлесе, құқықтық қауіптерді Астана қаласының Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі Дамир Байбазаров баяндап берді.

Іс-шара аясында арнайы бөлімшелердің көрсетілімдері ұйымдастырылды. Полиция департаментінің кинология қызметі орталығы қызметтік иттердің іздеу және анықтау әдістерін көрсетті. Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ тактикалық элементтерді орындап, құқық қорғаушылардың кәсіби дайындығын танытты.

Астана қалалық полициясының отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бөлімі «Полициядан сұрауға қорқатын сұрақтар» тақырыбында жабық сенім сессиясын өткізді. Іс-шараның мақсаты – ашық диалогқа арналған қауіпсіз әрі анонимді алаң құру.

ЖАБЫҚ СЕНІМ СЕССИЯСЫ ӨТТІ

«Үміт» дағдарыс орталығына жүгінген әйелдер анонимді сауалнама толтырып, полиция қызметкерлеріне мазалаған сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды, сондай-ақ қорғану тетіктері, полицияның әрекет ету тәртібі және қолжетімді қолдау шаралары туралы білді. Мұндай формат құқық қорғау органдарына деген сенімді нығайтып, нақты көмек алу мүмкіндіктері жөніндегі хабардарлықты арттыруға ықпал етеді.

Астананың полиция қызметі қаладағы барлық дағдарыс орталығымен тығыз ынтымақтастық орнатып, бірлескен іс-шаралар, кеңестер және профилактикалық кездесулер ұйымдастырып келеді. Өткізілген сессия гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы «16 күн белсенді іс-қимыл» халықаралық акциясының бір бөлігі болды. Акция аясында жәбірленушілерді қолдауға, отбасындағы қолайсыздықтың алдын алуға және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасына ерекше назар аударылуда.

ДӨҢГЕЛЕК АУЫСТЫРДЫҢЫЗ БА?

Қыстың басталуына байланысты елорда полицейлері жол қозғалысына қатысушыларды жол қауіпсіздігі шараларын сақтауға шақырып, көлік жүргізу жағдайы техникалық талаптарға сай келмеген болса, әкімшілік жауапкершілік қарастырылатынын ескертті.



Жол қозғалысы ережелеріне сәйкес, белгіленген кезеңде қысқы шиналармен жабдықталмаған көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынады. 1 желтоқсаннан бастап қысқы шиналарды маусымдық міндетті қолдану талабы күшіне енді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес қысқы уақытта жазғы дөңгелектермен көлік жүргізгені үшін жүргізушілерге 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады, ал жыл ішінде қайталап жасалған құқық бұзушылық үшін 20 АЕК көлемінде айыппұл көзделген.

Елорда полициясы қыста көлікті қысқы шиналарсыз пайдалану тек құқық бұзу ғана емес, сонымен қатар жолда ауыр зардапқа әкелуі мүмкін қауіп-қатер туғызатынын ескертеді. Құқық қорғау органдары жылдамдық режимін қатаң сақтау, көліктер арасындағы қашықтықты ұлғайту, оқыс маневрлер мен кенет тежелуден бас тарту қажеттігін еске салады. Әсіресе жаяу жүргіншілер өткелдері мен жол айырықтарына жақындағанда жылдамдықты алдын ала төмендету маңызды. Тәртіп сақшылары жол қозғалысына қатысушыларды қысқы кезеңде барынша мұқият болуға, өзі мен өзгенің өмірін қауіп-қатерге тікпейтін сабырлы, сақ қалпын сақтауға шақырады.

Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

SIM-КАРТА САТАТЫН АЛАЯҚ ҰСТАЛДЫ

Астана қаласы Полиция департаментінің қызметкерлері интернет-алаяқтық фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізіп жатыр. Бұл жолы күдікті OLX онлайн-сату платформасында VIP SIM-карта сатамын деген желеумен жәбірленушінің сеніміне кіріп, ақшасын иемденген.



Тергеу деректеріне сәйкес, белгісіз тұлға интернет-ресурсқа жалған хабарлама жариялап, өзіне қоңырау шалған азаматқа SIM-картаны тиімді бағамен сататынын айтып, оны алдаған. Жәбірленуші көрсетілген банк шотына шамамен 20 мың теңге аударғаннан кейін күдікті байланысқа шықпай, тауарды да жолдамаған. Осылайша ол азаматтың ақшасын заңсыз иемденген. Дәл осындай іске қатысты 3 эпизод бар екені анықталды. Аталған дерек бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары басталды. Қазіргі уақытта жедел-іздестіру шараларының арқасында күдікті ұсталып, кінәсін толық мойындады. Астана қаласы Полиция департаменті тұрғындарға интернет арқылы сауда жасау кезінде аса мұқият болуға кеңес береді. Бейтаныс сатушыларға алдын ала төлем жіберуден бас тартып, тауарды көзбен көріп, тексеріп алуды ұсынады.

№143 (4887) 04/12/2025 Бейсенбі



«Отбасынан осындай өнеге алған Сәукеңе өзі туып-өскен «Келес» совхозының «Коммуна» бөлімшесінен шыққан танымал тұлғалар да өзінше ықпал етті. Арқалы ақын Тоқаш Бердияров, зерделі ғалым Немат Келімбетов, білім саласының қайраткері, танымал шығыстанушы Лениншіл Рүстемов осы ауылдан еді. Солардың кітаптарын үзбей оқыды. Аядай ауылдан шығып, әйгілі адам атануға болатынына көзі жеткен секілденді».

РУХ ЕРЛІГІ

Бұл жолдарды Бауыржан Омаровтың «№ 1 ойыншы» атты эссесінен алып отырмын. Дұрыс айтады. Бала күннен сол кісілер біздің ауылдан деп мақтанып, үлгі тұтып өскеніміз рас, өзіміздің сөз өнеріне жастай баулынуымызға да осы ағалардың нақты әсері болғаны анық.

2010 жылы 2 қазан күні, Ыстамбұлда көрнекті қазақ қаламгері, филология ғылымдарының докторы Немат Келімбетовтің «Umit» және «Turk Halkularinin Ortak Edebi Eserleri» кітаптарының тұсаукесері ұйымдастырылғанда, Қазақстаннан арнайы шақырылған қонақ ретінде сөйлеген сөзімізді біз дәл сол жайдан, яғни кітап авторының біздің жерлесіміз, жерлес болғанда да жай облыстасымыз емес, аудандасымыз емес, совхоздасымыз емес, бөлімшелесіміз, яғни ауылдасымыз екенін айтудан бастаған болатынбыз.

Сол Ыстамбұл сапарында ауылдас ағам үшін бөлекше мерейленгенмін.

Немат Келімбетовтің «Түркі халықтарының ортақ әдеби мұралары» деп аталған кітабының түрік тілінде шығуы Халықаралық Түркі академиясы құрылғалы бері осы бағытта қолға алынған жұмыстың алғашқы нақты нәтижесі еді. Мұның өзі Академияның Қазақстанда орналасуының заңдылығын айғақтайтын айшықты мысал. Мағжанның: «Көп түрік енші алысып тарасқанда, Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?» деген сөзі бізге көп міндет жүктеп тұр. Бүкіл түркі жұртына ортақ әдеби мұраларды саралаған Н.Келімбетов еңбегінің Ыстамбұлда жарық көруі арқылы біз қазақ әдебиеттануы, қазақ фольклористикасы түркологияда да осы қарашаңырақтық сипатын сақтап отырғанын келісті көрсетіп бердік дей аламыз. Кітап тұсаукесерінде сөйлеушілер – кітап тәржімешісі, белгілі ғалым Әбдіуақап Қара, Қазақстан Республикасының Түркиядағы Төтенше және өкілетті елшісі Бағдат Әміреев, ТҮРКСОЙ-дың бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, «Мармара» университетіндегі Түркология институтының директоры Айше Емел Кефели ханым, «Диалог Евразия» платформасының тең төрағасы Харун Тоқақ, Түркияның сол кездегі президенті Абдолла Гүлдің ұстазы – профессор Невзат Ялхынташ, профессор Нұри Юже, профессор Орхан Қауұншы, Анкара университетінің доценті, қазақша-түрікше сөздіктің авторы Кенан Коч, кезінде Түркістандағы қазақ-түрік университетінің вице-президенті қызметін атқарған профессор Гулчин Чандарлыоғлы ханым Немат Келімбетов кітаптарының қадыр-қасиетін әр қырынан айқара ашқан болатын. Ол сапар барысындағы келелі конференция, келісті кездесулер жайында біз кезінде «Егемен Қазақстанда» (2010 жыл, 5 қазан) «Руханият сыры мен рух жыры» деген атпен мақала жазғанбыз.

Тамаша фольклортанушы Шәкір Ыбыраев «Түркілік мұраның түгендеушісі» атты мақаласында былай дейді: «Б.Кенжебаев батылдық танытып, жыраулар мұрасы, ортағасырлық түркі ескерткіштері, ежелгі түркілер заманындағы әдеби жәдігерліктер де қазақ жазба әдебиетінің тарихы болып есептеледі деген концепцияны дәлелдеуге бел байлады. Ақыры заман өзі ақиқатты айқындап, аяулы ғалым Б.Кенжебаевтың ұстанымы дұрыс болғандығын танытты. Н.Келімбетов ұстазы аманат еткен күрделі тақырыпты терең зерттеп, таласы көп қиын сауалдардан қаймықпай, ашылған, дәлелденген рухани мұраларды алға тартып, қазақ әдебиетінің V ғасырдан XV ғасырға дейінгі мың жылдық тарихын оқулыққа енгізіп, сол қымбат кітапты жоғары оқу орындарының студенттеріне ұсынды. 1986 жылы «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» деген атпен алғаш баспа көрген бұл еңбек 1991 жылдан бастап «Ежелгі дәуір әдебиеті» деген оқулық болып, еліміздің филология мамандықтарында міндетті оқытылатын пәндердің біріне айналды. Осы жердің өзінде символдық мән жатқанын аңғаруға болады. Кітап оқырман қолына тиген 1986 жылы қазақ халқының рухани оянуын әйгілейтін Желтоқсан көтерілісі тарихта орын алса, еліміз 1991 жылы ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігін жариялады. Н.Келімбетовтің өмірлік мұратын айқындайтын осы монографиясы мен оқулығы қазақ халқын ежелгі түркі бабаларының азат рухымен байланыстырып, одан сүйінші сұрағандай әсер етеді». Дәл айтқан.

«Ежелгі дәуір әдебиеті» кітабы түрік тілінде шыққанда «Түрк халкларынын ортақ едебі есерлері» деп аталуының мәні бар. Мәселе Түркияда ежелгі әдебиет дегенде еске, ең алдымен, Осман патшалығы дәуіріндегі әдебиет оралатынында ғана емес. Мәселе Немат Келімбетов еңбегі арқылы жоғарыда аталған жауһар жырлардың баршамызға ортақ мұра екендігі дәлелденгендігінде.

Келімбетов кітаптары бүгінде бүкіл түркі дүниесінің ортақ игілігіне айналып отыр.

Орда бұзар отызында, ол тұста талайдың тісі бата қоймайтын, батылы жете бермейтін тақырыпта – Абылай хан ұрпағы, кітаби, діни ақын деп әдебиет тарихынан шеттетіліп жүрген Шәді шығармашылығынан кандидаттық диссертация қорғап, ғылымның қия жолына енді-енді өрлей берген шабытты шағында жұлынға жасалған сәтсіз операциядан соң сал болып қалған Н.Келімбетовтің ерлікке толы өмірі, аурумен алыса жүріп тындырған ірі істері жөнінде баспасөз бетінде біраз жазылған. Бір көңіл тоғайтарлығы – көрнекті ғалым жылдар бойғы тартқан бейнетінің зейнетін де көріп кетті дей аламыз. Әсіресе, өмірінің кейінгі алты-жеті жылының мұғдарында «Күлтегін» сыйлығын иеленуі (айтқандай, ол сыйлыққа ғалымды «Егемен Қазақстанның» ұжымы ұсынған), еңбектерінің түрік тілінде төрт том күйінде жарық көруі, Қытайда, Еуропаның бірнеше елдерінде аударылуы, бұған дейін Вацлав Гавел, Стивен Спилберг, Харуки Мураками сияқты әлемге әйгілі суреткерлер марапатталған Франц Кафка алтын медалін алуы азапты көп көрген азаматқа ақыры абырой арқалатты.

Немат Келімбетов өз өмірінде бірнеше адам жабыла жүріп атқарғанда да разылық білдіретіндей еңбек жасады.

Ал шынтуайтында, біз бұл адамға қандай ісіне болса да разылық білдіретін жөніміз бар.

Немат Келімбетовтің қандай қиын тағдырдың иесі екенін барша жұрт біледі. Шет жағасын жаңа жұқалап жаздық та.

Біз бұл адамға қандай ісіне болса да разылық білдіретін жөніміз бар дегенде нені айтамыз?

Осындай талайлы тағдыр иесі ретінде Немат Келімбетов өз өмірінде ешқандай елеулі еңбек, ерен ерлік жасамай-ақ, тек отбасын асырап, балаларын бағып-қағуға, оқытуға, жақсы тәрбие беруге, елдің елеулі азаматтары етіп шығаруға шамасы келумен тоқтаса да, біз ол кісіге разылық білдіруге тиісті едік.

Немат Келімбетов оны да жасады.

Төсекке таңылып, жылдар бойы сал болып жатқан қаламгердің қайсарлығы арқасында, ерекше рух ерлігінің арқасында шаңыраққа береке келді, Немат аға мен Қуаныш жеңгенің қос құлыны – Мұхит пен Қайрат сол кез үшін талайдың қолы жетпейтіндей оқу орындарында білім алды, халық алдына шығып, атқа мінген азаматтарға айналды.

Осындай талайлы тағдыр иесі ретінде Немат Келімбетов өз өмірінде әуелде күнкөріс қамымен бастаса да, кейіннен тәжірибелі тәржімеші ретінде ысылып, Саид Ахмадтың, Пірімқұл Қадыровтың, Василь Козаченконың, Леонид Гурунцтың, басқа да авторлардың қалың-қалың романдарын төл тілімізге төгілдіріп түсіріп беру арқылы көркем аударма өнерімізге сыбағалы үлес қосумен тоқтаса да, біз ол кісіге разылық білдіруге тиісті едік.

Немат Келімбетов оны да жасады.

Төсекке таңылып, жылдар бойы сал болып жатқан қаламгердің қайсарлығы арқасында, ерекше рух ерлігінің арқасында шаңырақка береке келді, Немат аға мен Қуаныш жеңгенің қос құлыны – Мұхит пен Қайрат сол кез үшін талайдың қолы жетпейтіндей оқу орындарында білім алды, халық алдына шығып, атқа мінген азаматтарға айналды.

Осындай талайлы тағдыр иесі ретінде Немат Келімбетов өз өмірінде әуелде күнкөріс қамымен бастаса да, кейіннен тәжірибелі тәржімеші ретінде ысылып, Саид Ахмадтың, Пірімқұл Қадыровтың, Василь Козаченконың, Леонид Гурунцтың, басқа да авторлардың қалың-қалың романдарын төл тілімізге төгілдіріп түсіріп беру арқылы көркем аударма өнерімізге сыбағалы үлес қосумен тоқтаса да, біз ол кісіге разылық білдіруге тиісті едік.

Немат Келімбетов оны да жасады.

Қуаныш жеңгей ол жұмыстың басталуын былай еске алған: «Ашып қойған бетті оқып болған соң келесі бетті ашуға мені шақырады. Оқумен жылжып үш ай өтіп кетті. Баспа болса романды аударуға бір-ақ жыл мерзім берген.

– Немат, уақытың өтіп бара жатыр ғой, – дедім бір күні шыдамай.

– Білем ғой, – деді ол. – Бұрын-соңды істемеген жұмысым. Жүрегім дауаламай жатыр. – Қайткенде де бірдеңе істеу керек. Әйтпесе, мына екі баланы қалай бағамыз? – деп, ағаңды біраз қамшыладым. Ойпырмай, оңашада соны ойласам болды, жүрегім қалтырап, төбе шашым тік тұрады. Қорқып кетем! Ышқынам!».

Осындай талайлы тағдыр иесі ретінде Немат Келімбетов өз өміріндегі айрықша айқасты көркем прозамен айшықтап, тіршілік үшін күрестің қиямет-қайым суретін салған «Үміт үзгім келмейді» хикая-монологын жазумен тоқтаса да біз ол кісіге разылық білдіруге тиісті едік.

Немат Келімбетов оны да жасады.

Бұл ара, әрине, повесті талдап тұрып алатын жер емес. Сондықтан, біз аузы дуалы ағамыздың – Әбдіжәміл Нұрпейісовтің кітап туралы пікірін келтірумен ғана шектелейік. Әбең былай дейді:

«Оның «Үміт үзгім келмейді» деген кітабы адамның, нағыз адамның өмірге деген ғашықтығының, өмірге деген шеті-шегі жоқ құштарлығының, қайтпас-қажымас қайсарлығы мен кіршіксіз адамгершілігінің, жан-жары мен бала-шағасына деген өлшеусіз мөлдір махаббатының ең биік үлгісі дер едім. Бұл кітап отыз жылдан астам төсекке таңылып, көз көрінім, қол созым жерге Құдай берген қос аяғың, қос табаныңмен жер басып, қарға адым жерге жүріп жетуге де зар болған, бірақ жүрек деп аталатын жұдырықтай жұмыр ет кеудесінде «Үмітіңді үзбе!», «Үмітіңді үзбе!» деп күндіз-түні алапат бір күшпен соғып жатқан жанның ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретін үлгі-өнегесі дер едім».

Осындай талайлы тағдыр иесі ретінде Немат Келімбетов өмірдің қилы түйіндерін толғайтын «Қариялар», «Күншілдік» атты терең философияға толы эссе кітаптарын жазумен тоқтаса да біз ол кісіге разылық білдіруге тиісті едік.

Немат Келімбетов оны да жасады.

Қаламгер «Жастық шақтың қызықты дәуренін дер кезде абыроймен атқарып, қадірлі қариялықтың ауылына да аз күн өмірде қонақ болып кету арманым еді. Ол арманыма да Құдай қолымды жеткізді. Соған шүкіршілік етем. Қариялық парызымды Алла алдында да, адам алдында да адал атқарып өтуге қолымнан келгенше әрекет етемін» деу арқылы ақсақалдыққа дайындық жастық шақтан басталатынын айшықты айтты.

Бір ғана тақырыпқа – күншілдік сезімін жан-жақты зерделеуге арналған тұтас кітап жазып шығу Немат Келімбетовті өмірінің соңғы жылдарында шын мәнінде ойшыл қаламгер биігіне көтерді. Көне заман данышпанының «Азап шеккің келмесе, күншіл болма» деген сөзінен арна тартқан кітап бастанаяқ тағылымды толғаныстарға толы.

Бүкіл өмірі күреспен өткен Немат Келімбетов бар білімін болашақ ұрпаққа арнап, жоғары оқу орындарында дәріс оқумен, бірнеше оқулық жазумен тоқтаса да, біз ол кісіге разылық білдіруге тиісті едік.

Немат Келімбетов оны да жасады.

Оқулық жазу – ғалымның ғалымының ғана қолынан келер іс. Есте жоқ ескі заманның сөзін он сегіз-он тоғызға жаңа толған студент түсінетіндей, сезінетіндей, бойына сіңіретіндей етіп талдай білу, жадында жаттаталындай, жүрегінің төрінде жүретіндей етіп, орынсыз оңайлатпай да, қолдан қиындатпай да жаза білу оқулық иесінен әдебиеттанушылық пен ұстаздықтың үздік үйлесімін талап етеді. «Ежелгі дәуір әдебиеті» – сондай оқулық.

Немат Келімбетов бұлармен де тоқтаған жоқ.

Өз өмірінің өзегіне айналған басты жұмысын жеріне жеткізіп кетті.

Ол өзінің ұстазы Бейсенбай Кенжебаевтың «Қай халықтың болсын ерте замандардағы алғашқы әдебиеті, жазба әдебиет нұсқалары сол халықтың бүгінгі тілінде болуы шарт емес. Кейбір халықтардың ондай әдебиетінің басқа тілде, сол халыққа осы күнде түсініксіз тілде болуы, бірақ сол халық жерінде, сол халық өкілдері тарапынан жасалған, сол халықтың бір кездегі өмірін көрсететін әдебиет нұсқалары болуы ықтимал» деген бағдарламалық сөзін ұстана отырып, әдебиет тарихын жазудың тың тұрпатты тұжырымдамасын ұсынды, бұған дейін айтыла беретін «Тілін лингвист мамандар болмаса, былайғы жұрт зорға түсінетін шығармаларды әдебиетімізге иіп әкеліп, тели беру жөнсіз» дегендей пікірлердің быт-шытын шығарды. Шынтуайтында, сол мәтіндерде қазіргі қазақ зорға түсінетін дейтіндей де ештеңе жоқ. «Алып Ер Тоңғаны жоқтаудағы»:

Alp Er Tonga oldi mu
Isiz ajun kaldi mu
Odhlek oshin aldi mu
Emdi yurek yirtilur, – деген жолдардың несі түсініксіз? Шумақтың жолма-жол аудармасы:

Алып Ер Тоңға өлді ме?
Жаман дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылар.

«Odhlek oshin aldi mu» деген жол қандай тамаша. Тіпті, осыны «Өткелек өшін алды ма?» деп сөзбе-сөз сірестірсеңіз де артықтығы жоқтай көрінеді. Ойлап қарасаңыз, заман деген де адамның басынан өтер өткелектің өзі емес пе? Өлімді заманның адамнан өшін алуы деу қандай терең сөз!

Ал өзге жұрттар мұндай мәтіндер тұрмақ, түсінбейтін тілдердегі дүниелердің өзінен тастай қатып айырылмайды. Қазіргі орысқа түсініксіз деп «Игорь жасағы жайындағы жырдың» орыс әдебиетіне тиесілігіне күмәндану ешкімнің ойына келмес еді.

Өзі туралы түсірілген деректі фильмде ғалымның «Күлтегін», «Тоны-көк» жырларындағы ғажайып образдарды айта келіп, мұндай кемел әдебиет үлгілері бірден туа қалуы қисынсыз, олардың ізашарлары, бастаубұлақтары міндетті түрде болуға тиіс деген ойды ортаға салғаны бар еді. Ғалым осыны тиянақтап шықты. «Алып Ер Тоңға», «Шу», «Оғыз-қаған», «Аттила», «Көк бөрі», «Ергенекон» сияқты дастандарды талдап, тіл тұтастығын, көркемдік кестелер сабақтастығын дәлелдеп, қымбат қазынамыз ретінде ортақ қоржынымызға қосты.

Ғалым «Ежелгі түркі дәуірінде өмірге келген көне түркі әдеби жәдігерліктерін бүгінгі түркітілдес халықтардың бәріне бірдей ортақ мұра деп қарағанымыз тарихи шындық пен әділеттілікке сәйкес келеді. Соның өзінде, бертін келе қазақ халқының өзіндік төл әдебиетінің қалыптасуына көбірек ықпал жасаған ежелгі түркі әдеби мұралары да бар екенін естен шығаруға болмайды» дей отырып, маңызды түйін жасады – көне түркі әдеби жәдігерліктері қазақтың ұлттық сөз өнерінің генезисі екенін қолмен қойғандай дәлелдеді.

Немат Келімбетов ұлағатты ұстазы Бейсенбай Кенжебаевтың аманатын ақтап, оның Мырзатай Жолдасбеков, Мұхтар Мағауин, Алма Қыраубаева сияқты талантты шәкірттерінің бастаған ісін тың тұрғыда жалғастырып, қазақ әдебиетінің арғы тарихының қайнар бастаулары он ғасырға әрі ысырылуына шешуші үлес қосты. Және мұны таза ғылыми зерттеу, әдебиеттанушылық көзқарас күйінде қалдырмай, оқулық пішінінде атқару арқылы, оны оқу бағдарламаларына енгізіру арқылы тиянақталған білімге айналдырды, кейіннен 10 томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» ежелгі дәуір және орта ғасыр әдебиетіне арналған екінші томының кіріспесін, «Сақтардың қаһармандық дастандары», «Алып Ер Тоңға», «Шу» дастаны, «Ғұндардың батырлық жырлары», «Көк бөрі» дастаны», «Ергенекон» дастаны», «Түркі қағанаты тұсындағы әдебиет», «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары» сияқты тарауларын бір өзі жазып шығу арқылы оны тұтас бір ілімге айналдырды. Шәкір Ыбыраевтың сөзімен айтсақ, «Бұл – шын мәнінде рухани тарихымызда ерлік ретінде жоғары бағалануға тиіс».

Ғалымның қазақ әдебиеттануының аумағынан асып, жалпы түркілік өркениетке қосылған ғылыми мұрасы дәл қазір қай кездегіден де маңызды. Тарихтың осы талмау тұсында түркі дүниесінің тұтастығы тағы бір сынға түсуі де мүмкін. Мына заман алмағайып болып тұр. Осындай жағдайда Келімбетов кітаптары түркі дүниесінің тұтастығына қызмет етеді деп сеніммен айта аламыз. Өйткені Келімбетов кітаптары түркі халықтарын біріктіре түседі. Ол еңбектер арқылы ағайындас ұлттар түп-тамырының ортақтығын бұрынғыдан нақтырақ сезінеді, терең тарихы үшін, ғажайып рухани мұрасы үшін ұлттық мақтаныш сезіміне бөленеді. Ал ұлттық мақтаныш сезімі – ұлы күш. Немат Келімбетов – осы ұлы күшті ұлғайтуға септігін тигізетін тұлға.

Бір адамнан мұнан басқа тағы нені талап етуге болады?

Немат Келімбетов – туған халқының алдындағы перзенттік парызын толық ақтап өткен азамат, академик Сейіт Қасқабасовтың сөзімен айтқанда, «қазақ әдебиетінің екі жарым мың жылғы тарихын үлкен білгірлікпен зерттеген көрнекті ғалым, ұлттық әдебиеттану ғылымына мол үлес қосқан танымал оқымысты».

Еуразия ұлттық университетінде ертең, 5 желтоқсанда көрнекті түрколог Немат Келімбетовті еске алуға арналған «Көне түркі жазба мұралары және тіл тарихы мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның өткізілуі қай жағынан да құптарлық.

Немат Келімбетовтің тағылымды тағдыры – рух ерлігі. Оның өмірі де өнеге, өнері де өнеге.

Сауытбек АБДРАХМАНОВ,
филология ғылымдарының докторы

№143 (4887) 04/12/2025 Бейсенбі

ТЕМІРҚАЗЫҚ

Ұлт мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне, өнері мен өркениетіне, тарихы мен этнографиясына арналған бүкілодақтық ғылыми конференция Омбы мемлекеттік университетінде 1989 жылы өткен болатын. Сол ғылыми жиынға қатысқан Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанның ғылым қуған жастарының арасында біз де болған едік.

Белгілі ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Зиябек Қабылдиновпен таныстығымыз ширек ғасырдан астам бұрын Омбы жерінде басталған еді.



Қазақстандық делегацияны өзі жап-жас, шашы бұйраланған, ашаң түсті, жүзіне күлкі үйірілген, туған ағасын сағынып күткен кісідей, бойынан жылылық пен жақындық лебі ескен жігіт қарсы алып, конференция материалдары салынған қалтаны қолымызға ұстатқаны дәл қазіргідей көз алдымда. Ол сол кездегі Омбы университеті тарих факультетінің 3-курс студенті Зиябек Ермұханұлы болатын.

«Іздегенге – сұраған» дегендей, маған да керегі Омбы жерінде туып өскен қазақтар еді. Өйткені менің диссертациялық жұмысымның тақырыбы «Батыс Сібір қазақтарының тіл ерекшеліктері» деп аталатын. Ол кезде айтылған аймақтағы Омбы өңірінде сексен мыңнан астам қазақ тұратын.

Зиябек бізді бауырмалдығымен өзіне магниттей тартып алды. Қазақстаннан келген әрбір қонақты хан көтеріп алатын қасиеті «мен мұндалап» тұратынын бірден байқадық. Қысқасы, «адам сөйлескенше, ат кісінескенше» дегендей, жеңіл тіл табысып, ерте кезден таныстай күйге ендік.

Зиябек Ермұханұлымен алғаш рет танысып тұрып-ақ, ұлт тіліне деген құрметін Қазақстаннан келген қонақтармен орыс жерінде туып-өскеніне, орыс тілінде білім алғанына қарамастан, бірде-бір орыс сөзін қоспай, таза қазақ тілінде сөйлеуге тырысқанына қарап ұлттық намысты бойына жиғанын аңғардық.

Жақын танысу барысында ұлт тарихына, мәдениеті мен өнеріне деген құштарлық жас Зиябекті Омбы университетінің тарих факультетіне алып келгенінен хабардар болдық.

«Бір адамның болашағы бір адамға байланысты» дегендей, ғалым болсам ғой деп арман қуған Зиябек Ермұханұлына университетте көрнекті тарихшы-ғалым, профессор Томилов Николай Аркадьевичпен жақын танысу бақыты бұйырады. Ол – Батыс Сібір жазығының түркі халықтарының этникалық тарихы мәселелелері бойынша жалпы этнология, орыс этнологиясы (этнографиясы) және мұражайтану тарихнамасы, Солтүстік және Орталық Азия халықтарының этнографиясы, этноархеология, этникалық экология, антропология, орыс тарихы, мәдениеттану, мұражайтану, өлкетану, дінтану бойынша еңбектер жариялаған белгілі ғалым.

Ұстазының әкелік қамқорлығына бөленген Зиябек Ермұханұлы студент кезінен ғылыммен шұғылдануға бет бұрады.

Студент-шәкіртіне қамқорлық танытып, қаржыдан қиналып, ата-анасына салмақ түсірмесін деп, университеттің тарих және этнология музейіне жұмысқа орналастырып, жалақы алып отыруға жағдай жасағаны ұстазының нағыз жанашырлығын танытса керек. Сол кезде профессор Николай Томилов бүгінгі музей қызметкері-студенттің ертеңгі күні Қазақстанның іргелі ғылыми-зерттеу ұйымы – Тарих және этнология институтының бас директоры болып, ұстазынан алған ұшан-теңіз білімі мен білігін еліміздің тарих ғылымының дамуына арнайтынын, 7 томдық қазақ тарихын жазуды үйлестіретінін білді ме екен?!

Академик Зиябек Қабылдиновтың ұлт тарихы мен ұлттық тілге деген жанашырлығын алғашқы танысқаннан-ақ аңғарған едім. Кеңес Одағы өктемдігін жүргізіп, «қызыл империяның қылышынан қан тамып тұрған» кездің өзінде Омбы қазақ жастарының басын қосып, қазақ елінің тарихын терең білуге, қазақ тілінде сөйлеуге үндеп, намысын жанып, ұлтжандылыққа баулып, Сібір зауытының жертөлесінен орын алып, үгіт-насихат жүргізетінін көргенімде Зиябектің жүрегі «қазағым» деп қана соғатындай әсер еткенін несіне жасырайын... Сол зауыттың акт залын жалға алып, қазақ мәдениеті мен өнеріне арналған диспуттар, ойын-сауық кештерін өткізуді дәстүрге айналдырғаны көңіл қуантқан еді.

Ол уақытта салт-дәстүрді, ана тілді сақтап, этностық толеранттылықты қалыптастыру мақсатында Омбы қаласында 1989 жылы құрылған «Мөлдір» қазақ клубы жұмысымен де танысудың сәті түскен еді. Талдырмаш, жапжас қыздың осы клуб жұмысына басшылық ететінін білдік. Есімсойы Алтынай Жүнісова екен. Түрлі мәдени іс-шаралар осы клуб арқылы ұйымдастырылатынын біліп алдық. Сонымен бірге Омбы қаласындағы қазақ студенттерінің жерлестігі клубының жетекшісі Зиябек Ермұханұлымен бірлесіп, ұлттық мәдениетті дамыту, сондай-ақ облыстағы қазақтардың рухани дүмпуіне әсер етер ұлттың салт-дәстүрін насихаттау, ел арасында тарих пен этнографияға және мәдениетке байланысты ағартушылық жұмыстары да жүргізілетініне қанықтық.

Біз көрген сол клуб қазіргі таңда «Мөлдір» қазақ мәдени орталығы мәртебесін алып, жұмысының негізгі бағыттары фольклорлық-этнографиялық, мәдени-ағартушылық, ғылыми-зерттеу, спорттық-сауықтыру және шет елдердегі қазақ мәдени ұйымдарымен жұмыс істеу мәселелері болып табылатынын, 2024 жылы елордамыз – Астанада қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының басқосуында Алтынаймен болған кездесуімізде естіп-біліп, ақпараттармен алмасып, қуанып қалған едік.

Қазақтың ұлттық салт-дәстүрін сақтап, ұлттық тіл мен әдебиетін, тарихы мен өнерін ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналу қажеттігін студент кезінен жете түсініп, сол жолдан таймауды алдына мақсат етіп, ол ойын еліміздің ұлттық құндылықтарына тамырын терең жіберген тарих тамыршыларын дайындаумен ұштастырып, еліміздің ғылымын одан әрі дамытуға мол үлес қосып, ұлттық мүдде ұйытқысы болып жүрген академик інімізге асқаралы алпысында да ойға алған әрбір ісіне сәттілік серік болсын дегіміз келеді.

Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясы директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, академик

ТЕТІКТЕРДІ ҚАЙТА ҚАРАУ КЕРЕК

Инклюзивті саясат көбіне әлеуметтік талап ретінде қарастырылады. Алайда халықаралық тәжірибе көрсеткендей, бұл, ең әуелі, экономикалық тиімділік. Экономикасы дамыған елдерде мүгедектігі бар адамдардың еңбекке, білімге және тұрғын үй нарығына толыққанды қатысуы жалпы ішкі өнімнің 3-7%-ға дейін өсуіне әкелетіні дәлелденген.



Мүгедектігі бар азаматтарға тиімді ипотекалық өнімдер мен қаржылық қолжетімділікті қамтамасыз ету – бұл әлеуметтік қолдау шарасынан бұрын, ел экономикасын ұлғайтуға, әлеуметтік шығындарды азайтуға, салық түсімдерін көбейтуге және жаңа нарық қалыптастыруға бағытталған инвестиция. Осыған орай, бұл санатты тұрғынжаймен қамтамасыз ету тетіктерін қайта қарау қажет.

Біріншіден, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, мүгедектігі бар адамдар тұрғын үйді кезек тәртібімен өтеусіз алуға құқылы. 2023 жылы тұрғын үй кезегінде тұрғандардың ішінде I және II топтағы мүгедектігі бар азаматтар 56 мың адамды (8,6%) құрады, алайда бір жыл ішінде бар болғаны 605 пәтер ғана беріліп, бұл кезектегі қажеттіліктің 1,1%-ын жапты. 2024 жылы бұл санаттағы азаматтар берілген тұрғын үй 1537 пәтерді құрады, ал бүгінде үй кезегінде тұрған адам саны 61,4 мыңға жетті (6,2%). Яғни берілетін тұрғын үй көлемі артса да, кезек қысқармай, керісінше, ұлғайып отыр, бұл қолданыстағы тетіктердің жүйелі түрде мәселені шешуге жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Екіншіден, қолданыстағы ипотекалық бағдарламалар мүгедектігі бар азаматтардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескермейді. Мәселен: I және II топтағы азаматтар үшін 7% мөлшерлеме («Наурыз» бағдарламасы аясында) әлі де ауыр. «Бақытты отбасы» бойынша азаматтар төлем қабілеті болса да, өздері қалаған ауданнан, өздері қалаған құрылыс салушыдан тұрғын үй таңдау құқығынан айырылған, тек жергілікті атқарушы орган ұсынған нысандармен шектеледі және ұсынылатын тұрғын үйлердің басым бөлігі сапасы төмен, кедергісіз орта талаптарына сай емес.

Үшіншіден, соңғы жылдары банктердің мүгедектігі бар, ресми табысы жоғары, тұрақты жұмыс істейтін азаматтарға ипотека немесе автокредит беруден бас тартуы жиілеп отыр. Басты себеп: банктердің қарыз жүктемесі коэффициентін (ҚДН) зейнетақы аударымдары арқылы есептеуінде, ал мүгедектігі бар азаматтар заң бойынша міндетті зейнетақы жарналарынан босатылған. Бұл азаматтарды формалды түрде «төлем жасауға қабілетсіз» етіп көрсетеді, бірақ шын мәнінде бұл дискриминациялық тәжірибе ұлттық экономика үшін де шығын.

Президенттің тапсырмасы бойынша Үкімет қолжетімді тұрғын үйді жеделдетіп іске асыру жоспарын әзірледі, ол «Отбасы банктің» осы бағытқа 500 млрд теңге көлемінде қаражат бөлуді көздейді. Сонымен қатар 2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджетті талқылау барысында Amanat партиясы фракциясының бастамасымен 2 пайыздық әлеуметтік тұрғын үй бағдарламаларына қосымша 50 млрд теңге бөлу туралы түзету қолдау тапты. Бұл осы бағыттың өзектілігі жоғары екенін және әлеуметтік бағдарланған тұрғын үй саясатын нығайту қажеттігін дәлелдеді. Осы айтылғандарды ескере отырып, мынадай ұсыныстарымды құзырлы органға жеткізгім келеді:

1) Қолданыстағы тұрғын үймен қамтамасыз ету және жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй төлемдерін субсидиялау тетіктерінің тиімділігіне, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділігіне кешенді талдау жүргізу.

2) Мүгедектігі бар I және II топтағы азаматтарға тұрғын үй бөлу кезінде арнайы квота белгілеу мүмкіндігін қарастыру, жыл сайын кезектегі үлестерін 10%-дан кеміту.

3) Мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасыларға арналған «Наурыз» инклюзия жылдық мөлшерлеме – 2%, бастапқы жарна – 10%, мерзімі 19 жылдық жаңа ипотекалық бағдарлама енгізу мүмкіндігін қарастыру.

4) Мүгедектігі бар азаматтар үшін қарыз жүктемесі коэффициентін есептеу тәртібіне өзгерістер енгізу.

Ерлан ӘБДИЕВ,
Мәжіліс депутаты

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

АРБА СҮЙРЕТКЕНДЕР КІЛТІ КІМДЕ?

Қала мен ауылды, ауыл мен қаланы жалғап пойызбен жолшылап жүрсең, әрбір стансада жүк тиейтін арбасын сүйреткендерді жиі көресің. Алыстан келген ағайынды вокзалдан күтіп алуға бара қалсаң алдыңнан озып шығып, жолаушының жүгіне телміре қарайтындардың қалтасына қаншалықты қаражат түсіп жатыр?

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ



Осыдан бірер күн бұрын «Астана-1» теміржол вокзалынан туысымды күтіп алуға бардым. Оған дейін 3 пойыз тоқтады. Әр вагонның есігін аңдып, қол жүктерін көтеруге көмектесетін «қаһармандар» қаптап жүр. Олардың тұтынушылары да біршама екен. Жол ортасында жолаушы мен жүк тасушы еңбекақыға базардағыдай саудаласып тұр. Неге «абаласып» тұрғанын сұрасам, іркілместен «саудада береке бар» деп жауап қайтарды. Жүгін пойыздан көлігіне дейін жеткізіп беруге әрбір сөмкеге 5000 теңгеден сұрайды. «Кім болсаң ол бол, мына маңқайған бағаға көнесің» дегендей кіжінеді. Аздаған жүкке көп ақша сұрап жүр.

Теміржолдағы мәселе де осында. Кейбір адамдар еліміздің бір қиырынан екінші қиырына осы 5000 теңгеге билет алып келеді. Ал вокзалдан көлікке дейінгі 100 метр жол үшін дәл сондай ақша сұрау – бұл қызмет емес, жолаушыға жасалған ашық мазақ.

Қай уақытта барсаң да сол адамдар. Өзгермейді. Жаңалар кіре алмайды. Неге? Мұның көлеңкелі нарыққа ұқсастығы көп. Арба сүйреткендер тапқан ақша кімдерге бөлінеді? Мұндағы баға неге түспейді? Таңғаларлық жағдай. Теміржол қызметкерлері оларды көреді, бірақ ешкім қумайды, ешкім тоқтатпайды. Байланыс бар ма? Келісім бар ма? «Қарапайым» адамдардың кіре алмайтынына қарағанда, осы сұрақтардың жауабы өз-өзінен айқайлап тұрғандай. Егер осы салада бәсекелестік болса, егер әркім рұқсат алып, ресми түрде жүк тасымалдауға кіріссе баға түсіп, сапа өсіп, сенім де қатар қалыптасар еді. Бірақ біздің теміржолда ондай мүмкіндік жоқ. Бізде бақылау не қатаң тәртіп жоқ. Бізде тек жолаушыны көрсе, қалтасын «жұлып» қалуға дайын ашкөз топ тұр.

Қазақ – ағзам заманнан қонақжай халық. Қонақ күту әдебіміз әдепсіздікке айналып барады. Жерге табан тигізген жолаушыны алқымынан алып, жүгін жүгіре алып кететіндерге тоқтам салу керек-ау...

№143 (4887) 04/12/2025 Бейсенбі

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



ШЕТЕЛДЕГІ ҚАНДАСЫҢ ТІЛДЕН ЖҰТАП ҚАЛМАСЫН

Әлемнің қай түкпірінде жүрсе де қандастарымызды ұрпақтың қамы, ана тілінің жағдайы алаңдатып, «Балам ана тілін ұмытып, басқа ұлтқа сіңіп кетпей ме?» деген ортақ мәселемен бетпе-бет келетіні анық. Өйткені бір елде қазақ мектебі мемлекеттік деңгейде жұмыс істесе, енді бір елде қазақ тілінде білім алуға еш мүмкіндік жоқ. Сондықтан шетелдегі қазақ мектептерінің бүгінгі ахуалы, қандастардың қандай қиындықтарға жолығып жатқаны және қандай қолдауға зәру екені – еліміз үшін зерттеуді, талдауды қажет ететін өзекті тақырып.

ҚАРҒА ТАМЫРЛЫ ҚАЗАҚТЫҢ ҚАМЫ

Әлемде қазақ халқының нақты саны қанша екені туралы толық, бірізді ақпарат жоқ. Кейде әлемнің 40-тан астам елінде 10 миллионнан артық қандасымыз бар деген тұспал айтылса, ресми деректерде шетелдегі қазақтардың санын 4-5 миллионның әр жақ, бер жағында, әрі кетсе 6 миллион деп көрсетіп жүр. Өйткені әр мемлекет өзіндегі этникалық құрамды әртүрлі көрсетеді: бір елде қазақтар «түрік» немесе «орталықазиялық» деген ортақ санатқа біріктірілсе, енді бір елде қазақтардың нақты саны туралы мүлде айтылмайды. 10 жыл сайын халық санағын жүргізетін, «Қазақстанмен құдай қосқан тату көршіміз» дейін шекаралас елдердің өзі 30 жылдан бері «не өспейтін, не өшпейтін» бір деректі көрсетіп келеді. Оның үстіне, шетелдегі қандастардан жүйелі түрде дерек жинайтын халықаралық орталықтың болмауы да бұл мәселені күрделендіріп отыр. Соның салдарынан бүгінгі қазақ диаспорасының нақты көлемі де, олардың тілдік және мәдени ахуалы да тұтас картина ретінде қалыптасқан жоқ.

Қазіргі таңда Қытайда – 1,5 миллион, Ресейде – 1 миллион, Өзбекстанда – 1 миллион, Моңғолияда 200 мыңнан артық қазақ бар. Міне, бұлар қазақ ұлтының ең көп шоғырланған елдері саналады. Әрине, түтін саны бірнеше жүзге жетпейтін елдерде қазақ мектебінің болмауы, қазақша білім алудың мүмкіндігінің жоқтығы түсінікті. Ал қазағы көп жоғарыдағы елдерде жағдай қалай?

Қызығы сол, тек Өзбекстан мен Моңғолияда ғана қазақ мектептері бар, ал Ресей мен Қытайда этникалық қазақтардың көп шоғырланған аймақтарында қазақ мектептері жоқ. Бұл жағдай шетелдегі қазақ ұрпағының ана тілін меңгеруі мен ұлттық мәдениетін сақтаудағы мүмкіндіктерін шектейді. Сондықтан шетелдегі қазақ мектептерінің ахуалы– тек білім беру мәселесі ғана емес, ұлттың болашағына тікелей қатысты маңызды тақырып болып отыр.

ҚОС ЕЛДЕГІ ҚОЛДАУ

Моңғолиядағы қазақтар, негізінен, Баян-Өлгей аймағына шоғырланған. Бұл өңірлерде қазақ тілінде білім беретін 40 мектеп жұмыс істейді. Мектептердегі сабақ қазақ тілінде, кейбір пәндер моңғол тілінде оқытылатындықтан, сипаты біздегі аралас мектепке ұқсайды. Бірақ біздегідей емес, қазақ тілі басым. Дегенмен, соңғы жылдары кадр тапшылығы мен оқулықтардың жетіспеушілігі мәселесі байқалады.

Өзбекстандағы 1 миллион қазақтың көбісі Ташкент облысында, Науйы облысында және Қарақалпақстанда тұрады. Мұнда да қазақ мектептері бар, көбінесе мемлекет қолдауымен жұмыс істейді. Қазіргі таңда бұл елде қазақ тілінде білім беретін 372 мектеп бар. Онда оқушылар бірінші сыныптан 11 сыныпқа дейін қазақ тілінде білім алады, қазақ тілімен қатар оларға өзбек, орыс, ағылшын тілдері қоса оқытылады. Кейбір облыстарда қазақ тіліндегі балабақша да жұмыс істеп тұр.

– Соңғы кездері қазақтілді мектептердің саны азаюға бет алды. Оған бастысы, қазақ тілінде білім алғанмен, жұмыс істеген кезде немесе жоғары оқу орындарына түсіп, оқығанда өзбек немесе орыс тілі алдынан шығады. Қазақстанға кетіп қалмаса, жоғары оқу орындарын бәрі бір қазақ тілінде оқи алмайды. Сондықтан қазір кейбір ата-ана баласын орыс немесе өзбек тілінде оқытып жатыр, – деді өзбекстандық техника ғылымдарының докторы, профессор Сапар Байтелесов. Айта кетейік, Өзбекстандағы осы мәселе ескеріліп, өткен жылы Өзбекстанның Шыршық қаласынан Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің филиалы ашылған болатын.

– Әр мемлекетте қазақ тілінде білім алудың өзіндік қиындықтары бар. Мәселен, Өзбекстандағы қандастар бізге қазақтілді оқулықтарды жаңартып берсе деген талапты үнемі айтып келеді. Бұл мәселені Оқу-ағарту министрлігіне жеткіздік. Ұсыныс та айттық. Бірақ оның саясаттық тұрғыдан шешетін мәселелері бар. Ал өткен жылғы Қазақстан басшысының Моңғолияға сапарынан кейін Моңғолиядағы қандастарға оқу әдістемелерін жасау жағынан көмектесу, кітаптармен қамту сынды жұмыстар қолға алына бастады. Яғни Президенттің тапсырмасынан кейін барып біздің мемлекеттік ұйымдар аздап белсенділік таныта бастады. Дегенмен, бұл елдердегі қазақ тілінде білім беретін мектептердің саны да азайып келе жатқаны шындық. Бірақ салыстырмалы түрде айтатын болсақ, 372 мектептің болғаны қуанарлық жағдай, – деді «Отандар Қоры» КеАҚ жобалар координаторы Дидар Болат.

Дидардың айтуынша, «Отандастар қорының» бастамасымен шетелдегі қазақтардың қазақ тілін үйренуіне көп мүмкіндіктер жасалған. «2019 жылы Мюнхен қаласында Еуропа қазақтарының кіші құрылтайын өткізгенбіз. Сол жерде барлық елден келген делегаттар тіл мәселесін көтеріп, «Қазақстан біздің ана тілімізді ұмытпауымызға, қазақ тілін үйренуімізге мүмкіндік жасауы керек» деген талап қойды. Әрине, Еуропада қазақ мектебін ашу мүмкін емес болғандықтан, біз арнаулы жоба жасап, онлайн-курстар аштық. Ол қазірге дейін жұмыс істеп тұрғанымен, көп ешкім қатыспайды. Айтқан адамдардың баласының өзі оқыған жоқ. Тіпті «Тіл-қазына» орталығы мен «Отандастар қоры» бірлесіп, шетел қазақтарына арналған методика да жасады. Біздің ұсынысымызбен барлық деңгейді қамтитын әмбебап оқулық та жасалды. Оны да онлайн тегін пайдалануға мүмкіндік бар. Демек, қазақ тілін үйретуге өз тарапымыздан біраз жұмыс істелді, бірақ шетелдегі қандастарымызда үйренуге деген ниет аз» деді ол.

КӨРШІ ЕЛДЕРДЕГІ ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ?

Осыдан 4 жыл бұрын БАҚ беттерінде «1 миллиондай қазақ тұратын Ресейде қазақша білім беретін бір-ақ мектеп бар. Ол – Алтай өлкесінің Құлынды ауданындағы Қаракөл орта мектебі. Оның өзін Қазақстан жағы қаржыландырады екен» деген ақпарат тараған. Қазір ол мектептің де бар-жоғы белгісіз. Қосағаш өңіріндегі қазақ тілінде білім беретін мектеп те «бала санының азаюына» және оқулық тапшылығына байланысты қиындықтарға жолыққаны айтылған. Демек, Орынбор, Астрахан секілді ата қонысында отырған Ресей қазақтарының қазақ тілінде білім алу мүмкіндігі жоқ. Ол жақтың билік өкілдері мұны қазақ тіліне деген сұраныстың жоқтығымен көлегейлейді. Қандастарымыздың қазақ тіліне деген ықыласы да соңғы кездері төмендегендей.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осыдан 2 жыл бұрын «Известия» газетіне берген сұқбатында «Ресейдің Қазақстанмен шекаралас, қандастарымыз көп тұратын облыстарында мектептер ашуға мүдделіміз» деген болатын. Содан бері Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде орыс немесе аралас мектептер салу, ал Ресейдің этникалық қазақтар шоғырлы қоныстанған аймақтарында қазақ мектептерін ашу мәселесі жиі қозғалып келеді. Биылғы жылы Президенттің Ресейге сапары да осы тақырыпты қайта күн тәртібіне шығарды. Бұл жағдай шетелдегі қазақ мектептерінің мәселесі тек мәдени ғана емес, саяси және дипломатиялық аспектілері бар екенін көрсетеді. Бірақ Қазақстанда орыс тілді немесе аралас мектептер ашу ісінің дайындық жұмыстары қолға алынғанымен, біздің білуімізше, Ресейде мектеп ашу ісінің сеңі әлі қозғалмаған. Тіпті оны қай жерден, қанша орын етіп салу, қалай қаржыландыру мәселесі де толық пыспаған жұмыс көрінеді.

Қытайдағы қандастарымыз 2010 жылға дейін қазақ тілінде сауат ашып, 11 класқа дейін қазақ тілінде оқу мүмкіндігіне ие болды. Алайда 3 кластан бастап қытай тілі негізгі сабақ ретінде қосылып, жоғары оқу емтихандарына дейін қытай тілінен кемінде 5 дәрежеге жету талап етілді. Кейін Қытай билігі «екі тілде оқыту» және «азшылық ұлттардың балаларын ішкі өлкелерде оқыту» саясатын жүргізе бастады, нәтижесінде қазақ мектептері біртіндеп жабылды. Қазірде «Мемлекеттік тілді үйрену» саясаты қарқынды жүріп жатқан бұл елде қандастардың балалары ана тілінен айырылып, қазақ тілді газет-журналдар да жыл сайын азайып барады.

> Шетелдегі этникалық қазақтардың басым бөлігін жас буын құрайды. Мысалы, жыл сайын Өзбекстанда кем дегенде 20 мыңнан, Моңғолияда 2,5 мыңнан астам қандас мектеп бітіреді. Алайда олардың 1,5 мыңдайы ғана Қазақстанға оқуға келеді. Сол себепті шетелдегі қазақ жастарын елге тартудың тиімді тәсілі – мемлекет тарапынан білім гранттарына қолжетімділікті арттыру және шетелдерде Қазақстанда білім алу мүмкіндіктері туралы кеңінен насихаттау

ҚАЗАҚСТАННАН КӨМЕК КӨП

Рухани тұрғыда шетелдегі қазақтар «қазақ» ретінде Қазақстанға ғана керек. Олардың қазақылығының жоғалып бара жатқаны ащы ақиқат. Олар біздің қолдауымызға мұқтаж. Атажұртына арқа сүйеп, көмек күтеді. Олардың біраз бөлігі тұрғылықты елінен көшпей, бірақ тарихи атамекенінен қол үзбей өмір сүргісі келеді.

Шетелдегі этникалық қазақтардың басым бөлігін жас буын құрайды. Мысалы, жыл сайын Өзбекстанда кем дегенде 20 мыңнан, Моңғолияда 2,5 мыңнан астам қандас мектеп бітіреді. Алайда олардың 1,5 мыңдайы ғана Қазақстанға оқуға келеді. Сол себепті шетелдегі қазақ жастарын елге тартудың тиімді тәсілі – мемлекет тарапынан білім гранттарына қолжетімділікті арттыру және шетелдерде Қазақстанда білім алу мүмкіндіктері туралы кеңінен насихаттау.

Қазіргі таңда әр оқу жылында Үкімет тарапынан тегін жоғары білім алуға арналған 4 пайыздық квота, шетелдегі этникалық қазақтар мен шетелдіктерге арналған «Стипендиялық бағдарлама» және дайындық курстарына арнайы білім гранттары беріледі. Алайда 2024 жылға дейін 4 пайыздық мемлекеттік квотаны игерудің көлемі 30 пайыздан аспай келді. Себебі 11-12 жыл шетелдік орта білім бағдарламасымен білім алған талапкерлерге, қазақстандық білім стандартын тез игеріп алу, ҰБТ тапсыру аса қиынға соғады. Яғни, мемлекеттік қолдау шарасы бар – ал оны алу мүмкіндігі төмен. «Отандастар қоры» жанындағы Қоғамдық комиссия отырыстарында және Парламент қабырғасында бірнеше рет қандастарды ЖОО-ға қабылдау механизмін өзгерту қажеттілігі туралы айтылған ұсыныстар мен мемлекеттік органдарға жіберілген ұсынымхаттар нәтижесінде бұл мәселенің тоңы жібіп, қазір қандастардың балалары ҰБТ-ға қатысса болғаны, шекті бал талап етілмейтін болды.

– Қазір оқимын деп келген қандастар 3 (оқу сауаттылығы және 2 бейіндік пән) пәннен емтихан тапсырады, бірақ шектік бал талап етілмейді. Шарт – ұлты қазақ, шетел азаматы болуы керек. Соның нәтижесінде өткен жылы 1600 бала оқуға түссе (бұрын көп болғанда 800 бала оқуға түсетін), биыл 2140 бала оқуға түсті. Егер келесі жылы квота толық игерілсе, квотаны көбейту үшін министрлікке өтініш жазсақ деген ойымыз бар, – дейді Дидар Болат.

P.S: ***Шетелдегі қазақ жастарының ана тілін сақтау, ұлттық санасын нығайту және білім алу мәселесі – тек жеке ата-ана немесе отбасының ғана емес, біздің еліміздің де назарында тұрған стратегиялық міндет. Моңғолия мен Өзбекстандағы қазақ мектептері әлі де жұмыс істеп, белгілі бір қолдау алып отырса да, Ресей мен Қытайдағы этникалық қазақтар үшін қазақ тілінде білім алу мүмкіндігі жоқ. Біздің мемлекет тарапынан білім гранттары, онлайн курстар мен әдістемелік қолдау шаралары жасалғанымен, олардың тиімділігі шетелдегі қандастардың белсенділігіне байланысты. Сондықтан ана тілін ұмытпау, ұрпаққа ұлттық сана мен мәдени мұраны жеткізу үшін Қазақстан тарапынан жүйелі әрі тұрақты қолдау қажет. Шетелдегі әр қандасымыздың ана тілінен жұтап қалмауы ұлттық бірліктің әрі мәдени тұтастықтың басты өлшемі болып қала береді.***

№143 (4887) 04/12/2025 Бейсенбі

ҮЛКЕН МӘМІЛЕ ІЗДЕГЕН ДЕРЖАВАЛАР:



УКРАИНА ДАҒДАРЫСЫ МЕН ВЕНЕСУЭЛА ТҮЙТКІЛІ

2025 жылдың соңына қарай әлемдік саясат бірнеше күрделі дағдарыспен бетпе-бет келді. Украина мен Ресей арасындағы соғыс әлі де тоқтаған жоқ: Мәскеу мен Киев арасындағы бейбіт келіссөздер жүріп жатса да, шешілмеген түйткілдер әлі де баршылық. Сонымен бірге, Латын Америкасында Венесуэладағы дағдарыс аймақтық шиеленістерді күшейтті. АҚШ әскерін Венесуэлаға кіргізу мүмкіндігі де күшейіп тұр.

ТАЛАСТЫ ТҮЙІН ШЕШІЛЕ МЕ?

Қараша айында АҚШ Украина-Ресей соғысын тоқтатуға белсене кірісті. 28 тармақтан тұратын бейбітшілік жоспарын дайындап соғысты тоқтату үшін екі тарапты да «жол беруге» шақырды. Алайда Вашингтонның жоспары жария болған бетте-ақ, әлем жұртының сынына ілікті. «Бұл келісім емес, Ресейдің талаптарын орындауға мәжбүрлейтін шарттар жиынтығы» деп бағаланды. Осыдан кейін АҚШ пен Украина делегациялары әрі-бері сабылып, Еуропалық Одақпен ақылдаса отырып жоспарға түзетулер енгізді. Кездесулердің нәтижесінде 28 тармақты бейбітшілік жоспары 22 тармаққа дейін қысқарды. Тараптар бірқатар түйткілді түйіндер бойынша мәмілеге де келді. Дегенмен қазірге дейін басы ашылмаған екі үлкен мәселе қалған. Оның бірі – жер мәселесі, екіншісі – қауіпсіздік кепілдігі.

1 желтоқсанда Парижде Франция президенті Эммануэль Макрон Украина басшысы Зеленскиймен жүздесіп, Еуропадағы одақтастармен бірге АҚШ ұсынып отырған соғысты тоқтату бастамаларын талқылады. Макронмен бірге өткізген баспасөз мәслихатында Зеленский Киев үшін басты басымдық – мемлекеттің егемендігін сақтау және берік қауіпсіздік кепілдіктеріне қол жеткізу екенін тағы қайталап айтты. Оның айтуынша, ең күрделі түйін – жер мәселесі. Франция президенті Макрон Парижде баспасөз мәслихатында Ресеймен бейбіт келіссөздер барысында Украина өз территориясына қатысты кез келген шешімді тек өзі қабылдауға тиіс екенін ерекше атап айтты.

АҚШ өзі жасаған бейбітшілік жоспарын орындату үшін Украинаға қысым да жасап көрді. Бірақ оған Украина да көне қоймайтын секілді. Мәселен, Женевадағы келіссөзден кейін Украина президенті кеңсесінің сол кездегі басшысы Ермак «Украина бейбітшілікке жерін айырбастамайды. Зеленский президент болып тұрғанда Украинаның жерін бөлетін ешқандай келісімге қол қоймайды, оған біздің елдің заңы да жол бермейді» деп мәлімдеген болатын. Ал Ресей болса, «Украина Донбасстан әскерін әкетуі керек» деген талаптан танбай отыр. Осы мәселеге байланысты NBC News «Украина әскері тіпті Зеленский бұйрық берсе де, Донбасстан кетпеуі мүмкін» деген мазмұнда ақпарат таратып, мынадай деректі алға тартты: Украинаның әскери қолбасшылары өз міндеттері ретінде президенттің бұйрығын орындау ғана емес, елдің тәуелсіздігі мен дербестігін қорғау екенін де айтуда. Екінші жағынан, бұл әскери тұрғыдан тиімсіз. Себебі Донбасста көптеген әскери позиция бар. Онда айлап, жылдап бекініп, соғысуға болады. Ал Донбасстан кейінгі аймақтарда ондай қорғаныс шептері аз. Сол үшін Украина әскерінің қорғаныс позицияларынан өз еркімен шегінуі қателік болмақ.

КЕЛІСІМГЕ КЕЛЕ МЕ?

Сейсенбі күні Трамптың арнайы өкілі Уиткофф пен күйеу баласы Кушнер Мәскеуге арнайы ұшып барып, сол күні кеште Путинмен кездесті. Мақсат – Ресей басшысымен АҚШ әзірлеген «бейбітшілік келісімінің» жай-жапсарын таразылау болатын. Бірақ тараптар 6 сағат сөйлессе де келісімге келе алмаған. Путин қазіргі майдан шебі бойынша соғысты тоқтатуға келіспеген.

Сарапшылар да бұған дейін Ресейдің келісімге келе қоюы екіталай деп болжаған еді. Өйткені Путин бұған дейін ешқандай ымыраға келмейтінін бірнеше мәрте ашық айтты. Өткен аптада Ресей басып алған аймақтардан Украина толықтай қол үзбесе, соғыс тоқтамайтынын мәлімдеп, Зеленскиймен келіссөз жүргізуді мәнсіз әрі оның легитимділігін мойындамайтынын да қадап айтты. Сондай-ақ ол соңғы күндері майдан шебінде Ресей әскері ілгерілеп бара жатқанын алға тартып, Мәскеудің бастапқы талаптары өзгермегенін тағы еске салды. Киев ол шарттарға көне алмаса, соғыс әрі қарай жалғасатынын да аңғартты.

Путин қол қойған жаңа бюджет жоспары да Ресейдің қандай бағытқа бет алғанын айқын көрсетіп тұрғандай. 2026 жылы федералдық шығынның 38 пайызы – әскер мен күштік құрылымдарға бөлінді. Бұл – КСРО дәуірінен бері болмаған рекорд. Яғни 12,93 триллион рубль – әскери мақсаттарға, 3,91 триллион – қауіпсіздік органдарына жұмсалмақ. Ал әлеуметтік салаға бөлінетін қаржы соғысқа дейінгі 38 пайыздан 25 пайызға дейін құлдырап кеткен. Экономиканы қолдауға арналған шығындар да 17 пайыздан 10 пайызға дейін қысқарып, соңғы жиырма жылдағы ең төменгі деңгейге түсті.

АҚШ өкілдері Путинмен кездесіп жатқан сәтте Трамп «Мен Украинадағы соғыс аяқталады деп үміттенем. АҚШ енді Украинадағы соғысты қаржыландырмайды» деп мәлімдеп, көкейін тескен Нобель сыйлығы туралы тағы айтты.

ЕСІРТКІ – ЖЕЛЕУ, КӨЗДЕГЕНІ – МҰНАЙ

Соңғы айларда АҚШ «есірткі тасымалына соққы беру» деген сылтаумен әскерін Кариб теңізі мен Венесуэла жағалауына топтап, Мадуроны биліктен кетіруге қайта бел шеше кірісті. «Қайта» деп қадағалап айтып отырғанымыздың себебі Трамп өткен кезекті президенттік кезеңде де Венесуэлада оппозициялық партия басшысы Гуайдоны қолдап, Мадуроны биліктен кетіруге тырысқанымен, ол жоспары жүзеге аспады. Ал бұл жолы Мадуроны қалайда биліктен кетіру үшін Мадуро мен жоғары лауазымды венесуэлалық шенеуніктер басқаратын қылмыстық ұйым Cartel de los Soles-ты шетелдік террористік ұйымдар (FTO) тізіміне енгізді. Сондай-ақ Мадуродан биліктен кетуді талап етіп, шекті күнін де белгіледі, егер оған көнбесе 1989 жылы Панамаға қолданған тәсілді қолданатынын ашық аңғартты.

Бастапқыда Мадуро да дипломатиялық арналар арқылы АҚШ-пен тіл табысуға тырысып көрді. Алайда Трамп оның 2-3 жыл ішінде өз еркімен биліктен кетемін деген ұсынысын қабылдамады. Керісінше Кариб теңізі мен Венесуэла жағалауына 15 мың әскерін, 40 шақты кемесін топтап, қазірге дейін 80-нен астам қайыққа соққы жасады. Сонымен қатар, Венесуэла аспанын жапты. Кеше ол Латын Америкасындағы есірткі картельдеріне соққы жасауды үдететінін айтты. Бұған дейін соққы тек есірткі тасыды деген қайықтарға жасалса, енді құрлықта да соққы жасалмақ. «Біз құрлықта да соққы жасауды бастаймыз. Оны іске асыру әлдеқайда оңай. Біз олардың жүретін бағыттарын, қайда тұратынын, қайда жасырынғанының бәрін білеміз» деді ол. Алдыңғы күні Washington Post «Мадуро Түркиядан саяси баспана сұрауы мүмкін. Анкара Мадуроға қауіпсіздік кепілдігін беріп, АҚШ-қа экстрадициялаудан қорғап, келісім жасасуы ықтимал. Осылайша Мадуро басқа елден саяси баспана табады, ал АҚШ оның тақтан бейбіт жолмен кетуіне қол жеткізеді» деген тұспалын жариялады. Дегенмен осыған дейін Мадуро елде 4,5 миллион ерікті қорғаушыны мобилизациялағанын және кез келген шабуылға дайын екенін жариялаған-тұғын.

Ал шын мәнінде АҚШ есірткі тасымалын ауыздықтау емес, Венесуэланың байлығына көз тігіп отыр. Себебі Венесуэланың расталған мұнай қоры (proven oil reserves) шамамен 303 миллиард баррельге тең деп бағаланған. Бұл көрсеткіш бойынша Венесуэла Сауд Арабиясы, Иран, Кувейт, Ресейден де алда тұр. Яғни мұнай қоры бойынша әлемде бірінші орындағы ел. Бірақ өндіріс көлемі жағынан ол тек әлемнің алғашқы 25 елінің қатарына әрең кіреді, күніне небәрі 700-800 мың баррель мұнай ғана өндіреді (салыстыру үшін: Сауд Арабиясы – 9-10 млн баррель/тәулік). Өйткені бұл елде инфрақұрылым мен мұнай өңдеу зауыттары ескірген, АҚШ пен Батыстың санкциялары экспортты шектеп, елдің саяси тұрақсыздығы мен жемқорлық өндіріс көлемін күрт азайтқан.

Оның үстіне Қытай мен Ресей Венесуэланы соңғы онжылдықта өздерінің геосаяси серіктесіне айналдырып, ондаған миллиард доллар несие беріп, энергетика саласына тікелей инвестиция құйды. Пекин де, Мәскеу де бұл елдің мұнайына ұзақ мерзімдік қол жеткізуге мүдделі және бұл елді Латын Америкасындағы АҚШ-қа одақтасы ретінде пайдаланғысы келеді. Сондықтан Вашингтон үшін Венесуэла – тек Латын Америкасының бір елі емес, Қытай мен Ресей ықпалы күшейген стратегиялық аймақ.

ГЕОСАЯСИ КАРТАНЫ ҚАЙТА СЫЗБАҚ

Осы себепті АҚШ «есірткіге қарсы операция» деген желеумен Кариб теңізіне әскерін топтап, Венесуэла жағалауларын бақылауға алып, Мадуро билігін әлсіретуге барынша күш салуда. Шынайы мақсат – өз ықпалын арттырып, әлемнің ең ірі мұнай қорына ие елдің тағдырын бақылауда ұстау. Егер АҚШ Венесуэланы өз ықпалындағы елге айналдырар болса, Латын Америкасындағы геосаяси тепе-теңдік түбегейлі өзгерер еді. Біріншіден, Вашингтон әлемдегі ең ірі мұнай қорына тікелей қол жеткізіп, энергетика нарығында өз позициясын бұрынғыдан да күшейтеді. Бұл АҚШ-тың мұнай бағасын бақылау мүмкіндігін арттырып, Сауд Арабиясы, Ресей, Иран сияқты негізгі өндірушілерге қысым жасауына жол ашады. Екіншіден, Қытай мен Ресей үшін Венесуэланың АҚШ ықпалына өтуі – үлкен геосаяси ұтылыс болмақ. Олар ондаған жылдар бойы инвестиция құйып, Мадуро режимін қолдап келді. Егер билік ауысып, АҚШ-қа іш тартатын үкімет келсе, Пекин мен Мәскеудің Венесуэладағы экономикалық жобалары мен келісімшарттары қайта қаралуы мүмкін. Бұл екі елдің Латын Америкасындағы стратегиялық позициясына соққы болмақ. Үшіншіден, Вашингтон аймақтағы дәстүрлі «артқы аула» доктринасын қайта күшейтеді. Венесуэланың өз ықпалына өтуі АҚШ-қа Куба, Никарагуа, Боливия сияқты «солшыл доға» елдерін әлсіретуге, тіпті оларды оқшаулауға мүмкіндік береді. Түптеп келгенде, Венесуэланың АҚШ ықпалына өтуі – тек бір елдің саяси бағытының өзгеруі емес, бүкіл Латын Америкасының геосаяси картасын қайта сызу деген сөз.

ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ГАЗАДА ЖАҒДАЙ КҮРДЕЛІ

Газа секторында 1,5 миллион адам көмекке мұқтаж. БҰҰ үйлестіруімен алғашқы медицина құралдары, гигиеналық жиынтықтар мен қажетті жабдықтар жеткізіліп жатыр.



Дегенмен жолдардың бүлінуі мен қозғалыстың шектелуі көмектің барлық аймаққа жетуіне кедергі келтіріп отыр. Соған қарамастан осы аптада 8800 көрпе мен 300-ден астам шатыр үлестірілді. Қосымша брезенттер мен матрастар жеткізілді. Сарапшылар көмек көлемі артпаса, жағдай қиындай беретінін айтады.

ТУРИЗМ ҚАЙТА ТІРІЛДІ


Пандемия кезінде тұралап қалған әлемдік туризм қайта қалпына келді. Биыл саланың экономикаға қосқан үлесі 12 трлн долларға жуықтап, рекордтық деңгейге жетпек. Бұл – жаһандық жалпы ішкі өнімнің шамамен 10 пайызы.



